

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ТЫҒЫЗ СИЛИКАТ БЕТОННАН ЖАСАЛҒАН  
КОНСТРУКЦИЯЛАР МЕН БҰЙЫМДАРДЫ ДАЙЫНДАУ**

---

**ИЗГОТОВЛЕНИЕ КОНСТРУКЦИЙ И ИЗДЕЛИЙ ИЗ  
ПЛОТНОГО СИЛИКАТНОГО БЕТОНА**

ҚР ЕЖ 5.03-103-2013  
СП РК 5.03-103-2013

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года №156- НК

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	4
4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР .....	5
4.1 Жалпы ережелер .....	5
4.2 Тығыз силикат бетонның жіктелуі.....	5
4.3 Тығыз силикат бетонның техникалық сипаттамалары .....	6
4.4 Тығыз силикат бетонға арналған материалдар.....	10
4.4.1 Тұтқырлар.....	10
4.4.2 Қоспалар .....	13
4.4.3 Толтырғыштар.....	14
4.5 Арматура бұйымдары және салма бөлшектер .....	15
4.6 Тығыз силикат бетоннан бұйымдар және конструкциялар жасау.....	16
4.6.1 Тұтқыр материалдарды дайындау .....	16
4.6.2 Силикатбетон қоспасын дайындау.....	17
4.6.3 Тығыз силикат бетоннан жасалған бұйымдарды қалыптау.....	19
4.6.4 Автоклавтық өңдеу .....	20
4.6.5 Бұйымдар мен конструкцияларды өндіру процессін және сапасын бақылау.....	21
5 ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНА, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	23
6 ТЫҒЫЗ СИЛИКАТ БЕТОНДЫ КОНСТРУКЦИЯЛАР МЕН БҰЙЫМДАРДЫ ЖАСАУДА ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ .....	24
А қосымшасы (міндетті) Тұтқырдағы әктастың гидратациялану дәрежесін бөлінетін жылу бойынша анықтау.....	26
Б қосымшасы (міндетті) Тұтқыр аналитикалық әдісте әктас гидратациясының дәрежесін анықтау.....	28
В қосымшасы (міндетті) Әктас-белит-күм тұтқырдағы бос кальций оксидінің мөлшерін анықтау .....	29
Г қосымшасы (ақпараттық) Тығыз силикат бетон құрамын есептеу.....	30
Д қосымшасы (міндетті) Құмдағы кварц (байланбаған SiO <sub>2</sub> ) мөлшерін анықтау.....	39

**КІРІСПЕ**

Ережелер жинағы тығыз силикат бетоннан жасалған конструкциялар мен бұйымдар өндірісінің технологиялық параметрлері бойынша қолайлы шешімдерді ұсынады, оны орындау нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің негізгі талаптары іске асырылады.

Ережелер жинағы «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарын орындаудың бірден-бір әдісі болып табылмайды.

Әзірленген ережелер жинағы тығыз силикат бетоннан жасалған конструкциялар мен бұйымдар өндірісін және оны қолданудың тиімді саласын оңтайландыруға ықпал етеді.

Осы ережелер жинағын әзірлеген кезде ғылыми-техникалық ақпарат талдамасы орындалып, заманауи ғылыми зерттеу мен қолдану тәжірибесі ескерілді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ТЫҒЫЗ СИЛИКАТ БЕТОННАН ЖАСАЛҒАН КОНСТРУКЦИЯЛАР МЕН**  
**БҰЙЫМДАРДЫ ДАЙЫНДАУ**

**ИЗГОТОВЛЕНИЕ КОНСТРУКЦИЙ И ИЗДЕЛИЙ ИЗ ПЛОТНОГО**  
**СИЛИКАТНОГО БЕТОНА**

---

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы ережелер жинағы азаматтық, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы құрылыстары үшін тығыз силикат бетоннан жасалған конструкциялар мен бұйымдарды: ішкі қабырғалар мен аражабындардың панелдерін, баспалдақ марштары мен алаңдарды, сырғауылдар мен ұстындарды, карниз плиталарды және т. б. дайындауға таралады және қолайлы шешімдерді белгілейді.

1.2 Ережелер жинағында тығыз силикат бетоннан бұйымдар мен конструкцияларды дайындау бойынша нұсқаулар, сондай-ақ материалдарға, арматураның қорғалуына және тот басуға қарсы салма бөлшектерге; силикатбетон қоспасының таңдалуына және оның дайындалуына; бұйымдардың пішінделуіне және жылумен, ылғалмен өңделуіне; бұйымдар сапасының бақылануына және олардың қабылдану тәртібіне қойылатын талаптар қарастырылған.

1.3 Осы ережелер жинағының қолайлы шешімдері тығыз силикат бетоннан әзірленген конструкциялар мен бұйымдардың өндірісіне, бұйымдар сапасының тиісті деңгейі мен сенімділігін, материалдық және отын-энергетикалық ресурстарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету талаптарына таралады.

1.4 Осы ережелер жинағының қағидалары тығыз силикат бетоннан жасалған бұйымдарға арналған қолданыстағы нормативтік, нормативтік-техникалық, жобалық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, қайта қарау кезінде орындалуы тиіс.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережелер жинағын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

ҚР ЕЖ 2.01-101-2013 Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау.

ҚР ЕЖ 3.02-108-2013 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ЕЖ 5.03-102-2013 Жиналмалы темірбетон конструкциялар мен бұйымдардың өндірісі.

---

**Ресми басылым**

ҚР ЕЖ 5.03-107-2013 Күш түсетін және қоршау конструкциялары.

ҚР СТ 937-92 Конструкция және бетон және темірбетон құрама бұйымдар. Жалпы техникалық шарт.

ҚР СТ 948-92 Малтатас, қиыршықтас және жасанды кеуек құм. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1217-2003 Құрылыс жұмыстарына арналған құм. Сынау әдістері.

ҚР СТ 2102-2-2011 Кернелетін арматура. 2-бөлім. Сым.

ҚР СТ ISO 12439-2012 Бетон қоспаларын дайындауға арналған су.

ҚР СТ ISO 1920-4-2009 Бетонды сынау. 4-бөлім. Қатқан бетонның беріктілігі.

ҚР СТ ISO 6934-2-2010 Бетонды алдын ала кернеуге арналған болат арматура. 2-бөлім. Суықтай тартылған сымдар.

ҚР СТ EN 10080-2011 Темірбетон конструкцияларға арналған арматура. Дәнекерленетін арматура. Жалпы ережелер.

ҚР СТ EN 10138-4-2011 Кернелетін арматура. 4-бөлім. Шыбықтар.

ҚР СТ EN 12350-6-2012 Жаңадан дайындалған бетон қоспасын сынау. 6-бөлім. Тығыздық.

ҚР СТ EN 12620-2011 Бетонға арналған толтырғыштар.

ҚР СТ EN 13279-1-2012 Гипс тұтқырлар мен құрғақ гипс қоспалар. 1-бөлім. Анықтамалар мен талаптар.

МЕМСТ 4.204-79 Тұтқыр материалдар: әктас, гипс және олардың негізіндегі тұтқыр заттар. Көрсеткіштер номенклатурасы.

МЕМСТ 12.1.003-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Шу. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

МЕМСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағындағы ауаға қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

МЕМСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

МЕМСТ 12.2.049-80 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы эргономикалық талаптар.

МЕМСТ 12.3.002-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндіріс процестері. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

МЕМСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 310.2-76 Цементтер. Илемнің жұқалығын анықтау әдістері.

МЕМСТ 2642.1-86 Отқа төзімді материалдар мен отқа төзімді шикізат. Гигроскопиялық ылғалды анықтау әдісі.

МЕМСТ 3476-74 Домна және цемент өндірісіне арналған электротермофосфорлы түйіршіктелген қож.

МЕМСТ 4013-82 Тұтқыр материалдар өндірісіне арналған гипсоангидритті гипс тасы. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 5382-91 Цемент және цемент өндірісінің материалдары. Химиялық талдау әдістері.

МЕМСТ 5578-94 Бетонға арналған қара және түсті металлургия қожынан алынған қиыршықтас пен құм. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 5781-82 Темірбетон конструкцияларды арматуралауға арналған ыстықтай иленген болат. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 6727-80 Темірбетон конструкцияларды арматуралауға арналған суықтай тартылған төмен көміртекті болат сым. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 7348-81 Алдын ала кернелген темірбетон конструкцияларды арматуралауға арналған көміртекті болат сым. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8267-93 Құрылыс жұмыстарына арналған нығыз тау жынысты қиыршықтас пен малтатас. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8478-81 Темірбетон конструкцияларға арналған дәнекерленетін торлар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8736-93 Құрылыс жұмыстарына арналған құм. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8829-94 Зауытта дайындалған темірбетон және бетон құрылыс бұйымдары. Жүктеп сынау әдістері. Беріктілікті, қаттылықты және жарылуға төзімділікті бағалау ережелері.

МЕМСТ 9179-77 Құрылыс әктасы. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10060-2012 Бетондар. Аязға төзімділікті анықтау әдістері.

МЕМСТ 10180-2012 Бетондар. Бақылау үлгілері бойынша беріктілікті анықтау әдістері.

МЕМСТ 10181-2000 Бетон қоспалар. Сынау әдістері.

МЕМСТ 10884-94 Темірбетон конструкцияларға арналған күшейтілген термомеханикалық арматуралық болат. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10922-2012 Дәнекерленген арматуралық және салма бұйымдар, темірбетон конструкциялардың арматурасы мен салма бұйымдардың дәнекерленген бірігулері. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 12730.1-78 Бетондар. Тығыздықты анықтау әдістері.

МЕМСТ 12730.5-84 Бетондар. Су өткізгіштікті анықтау әдісі.

МЕМСТ 12865-67 Ісінген вермикулит.

МЕМСТ 13087-81 Бетондар. Желінуді анықтау әдістері.

МЕМСТ 17625-83 Темірбетон конструкциялар мен бұйымдар. Бетонның қорғайтын қабатының қалыңдығы, арматураның өлшемі мен орналасуын анықтаудың радиациялық әдісі.

МЕМСТ 18105-2010 Бетондар. Беріктілікті бақылау ережелері.

МЕМСТ 19609.5-89 Байытылған каолин. Калий және натрий тотықтарын анықтау әдісі.

МЕМСТ 22688-77 Құрылыс әктасы. Сынау әдістері.

МЕМСТ 22904-93 Темірбетон конструкциялар. Бетонның қорғайтын қабатының қалыңдығы мен арматураның орналасуын анықтаудың магниттік әдісі.

МЕМСТ 23732-2011 Бетондар мен ерітінділерге арналған су. Техникалық шарттар.

## ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

МЕМСТ 23858-79 Темірбетон конструкциялардың дәнекерленген түйіспелі бірігілері және таврлік арматуралар. Сапаны бақылаудың ультрадыбыстық әдістері. Қабылдау ережелері.

МЕМСТ 25192-2012 Бетондар. Жіктелуі және жалпы техникалық талаптар.

МЕМСТ 25214-82 Тығыз силикат бетон. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 25781-83. Темірбетон бұйымдар дайындауға арналған болат пішіндер. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 28570-90 Бетондар. Конструкциялардан алынған үлгілер бойынша беріктілікті анықтау әдістері.

МЕМСТ 30108-94 Құрылыс материалдары мен бұйымдар. Кәдімгі радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігін анықтау.

МЕМСТ 30459-2008 Бетондар мен құрылыс ерітінділеріне арналған қоспалар. Тиімділікті анықтау әдістері.

ЕСКЕРТПЕ - Осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасалатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар көрсеткіштері» және «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

## 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында тиісті анықтамалары бар төмендегідей терминдер қолданылады:

**3.1 Ережелер жинағы:** Техникалық ережелерге немесе жобалау, әзірлеу, монтаждау, техникалық қызмет көрсету процедураларына немесе жабдықтар, конструкциялар мен бұйымдарды пайдалануға ұсыныс беретін құжат.

**3.2 Қолайлы шешімдер әдісі:** Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөнідегі уәкілетті орган мақұлдаған қолданыстағы, әдетте нұсқау беретін нормативтік талаптардың қолданылуын меңзейтін параметрлік нормаларды сақтау құралы.

**3.3 Автоклавты тығыз силикат бетон:** Атмосфералық қысымнан жоғары қысымда (негізінен 8 МПа бастап, 14 МПа дейін) қаныққан су буы ортасында қатаятын бетон.

**3.4 Аязға төзімділік:** Қатайған тығыз силикат бетонның ылғал күйінде кезек-кезек тондыру және еріту әсеріне кедергі келтіру қабілеті.

**3.5 Силикат қоспасының белсенділігі:** Бетон қоспасы нығыздалған уақытта силикат бетонның қажетті беріктілігін қамтамасыз ететін белсенді кальций тотығының силикат қоспасындағы мөлшері.

**3.6 Нормаланатын беріктілік:** Қатайған силикат бетонның жобалық немесе белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген беріктілігі (бетонның класы).

**3.7 Тығыз силикат бетонның беріктілігі:** Қатайған силикат бетонның бұзылмай әртүрлі жүктемелер мен әсерлерді қабылдау қасиеті.

**3.8 Силикат бетонның талап етілетін тығыздығы:** Дайындаушы кәсіпорынның зертханаларында қолжеткізілген біртектілікке сәйкес анықталатын топтамадағы бетон тығыздығының максималды рұқсат етілген нақты мәні.

**3.9 Силикат бетонның талап етілетін беріктілігі:** Дайындаушы кәсіпорынның зертханаларында анықталатын топтамадағы тығыз силикат бетон беріктілігінің максималды рұқсат етілген нақты мәні.

**3.10 Кіріс бақылауы:** Тұтынушыға немесе тапсырыс берушіге келіп түскен және өнімді дайындау, жөндеу немесе пайдалануға арналған жеткізуші өнімін бақылау.

**3.11 Операциялық бақылау:** Өнімді немесе процессті технологиялық операциялардың орындалуы барысында бақылау.

**3.12 Қабылдау кезіндегі бақылау:** Нәтижесі бойынша оның жеткізуге және (немесе) пайдалануға жарамдылығы туралы шешім қабылданатын өнімге жасалатын бақылау.

**3.13 Тұтастай бақылау:** Топтамадағы өнімнің әр данасын бақылау.

**3.14 Ішінара бақылау:** Осы топтамадан арнайы алынған бір немесе бірнеше іріктелімге кіретін өнімнің әр данасын тексеру жолымен өнім топтамасын бақылау.

## 4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

### 4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Ережелер жинағы орташа тығыздығы  $1700 \text{ кг/м}^3$  және одан жоғары силикат бетонның дайындалуына қойылатын қолайлы шешімдерді, оны өндірістік, қосалқы ғимараттар мен құрылыстардың, өнеркәсіптік, азаматтық, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, тұрғын, қоғамдық ғимараттар құрылысында қолдану бойынша ұсыныстарды белгілейді.

4.1.2 Тығыз силикат бетоннан жасалған бұйымдар тиісті нормативтік құжаттар мен жұмыс сызбаларының талаптарына сай келуі керек.

4.1.3 Тығыз силикат бетоннан әзірленген конструкциялар мен бұйымдардың жасалуы нақты өндірістің шарттары мен конструкциялар мен бұйымдарды түрлеріне қолданылатын, белгіленген тәртіппен бекітілген технологиялық карталар бойынша жүргізілуі тиіс.

### 4.2 Тығыз силикат бетонның жіктелуі

4.2.1 Силикат бетонның функционалдық мақсаты, орташа тығыздығы, тұтқыр түрі, кремнеземді компонент түрі, толтырғыштар ірілігі бойынша жіктеледі.

4.2.2 Функционалдық мақсаты бойынша силикат бетонның екі түрі ажыратылады:

- конструкциялық – орташа тығыздығы  $1700$  бастап  $2400 \text{ кг/м}^3$  дейін, сапасына физика-механикалық сипаттамалар бойынша талаптар қойылатын, ғимараттар мен құрылыстардың көтергіш ішкі қабырғаларын, плиталарын, жабындары мен аражабындарын құру үшін қолданылатын;

## ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

- беріктілігі жоғары бетоннан дайындалатын, күрделі пішіндегі бұйымдарға арналған арнайы: престелген, асбестсіз шифер, кернеліп-арматураланған темір жол шпалдар, метро туннельдерінің қалқанды жолының және шахта құрылысының арматураланған тубингтері.

4.2.3 Силикат бетонды дайындау кезінде тұтқыр ретінде әктас, ұсақталған қож және гипс пайдалану керек. Құрылыс әктасы мен гипстің, олардың негізіндегі тұтқыр заттардың барлық түрлеріне қойылатын қағидалар бойынша сапа көрсеткіштерінің номенклатурасы МЕМСТ 4.204 сәйкес келуі керек.

4.2.4 Толтырғыштарының ірілігі бойынша бетондар келесіге бөлінеді:

- ұсақ түйіршікті (құм  $M_{ip}$  2,8 бастап 3,3 дейін);
- ірі түйіршікті (фракциясы 3 бастап 5 мм дейін және фракциясы 10 бастап 15 мм дейін қиыршықтас).

### 4.3 Тығыз силикат бетонның техникалық сипаттамалары

4.3.1 Тығыз силикат бетонның конструктивтік сипаттамалары ҚР ЕЖ 5.03-102 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.3.2 Силикат бетондар МЕМСТ 25214 бойынша төмендегідей көрсеткіштер мен қасиеттерге ие болуы тиіс:

- осьтік сығылу кезіндегі беріктілік шегі 7,5 бастап 70,0 МПа дейін;
- осьтік созылуға беріктілік шегі 1,0 бастап 4,0 МПа дейін;
- иілу кезіндегі созылуға беріктілік шегі 2,5 бастап 7,0 МПа дейін;
- орташа тығыздық 1700 бастап 2400 кг/м<sup>3</sup> дейін.

4.3.3 Силикат бетон келесі кластармен сипатталады: В10, В12,5, В15, В20, В22,5, В30, В35, В40, В45, В50, В55, В60.

4.3.4 Аязға төзімділік, су өткізбеушілік және орташа тығыздық бойынша келесі маркалар белгіленеді:

- аязға төзімділік бойынша: F35, F50, F75, F100, F150, F200, F300, F400, F500, F600;
- су өткізбеушілік бойынша: W2, W4, W6, W8, W10;
- орташа тығыздық бойынша: D1700, D1800, D1900, D2000, D2100, D2200, D2300, D2400.

4.3.5 Тығыз силикат бетонның нақты беріктілігі (жобалық жасында, жіберілетін) нормативтік құжатта немесе жұмыс құжаттамасында көрсетілген нормаланатын жіберілетін беріктілікке және бетон беріктілігінің іс жүзіндегі біркелкілік көрсеткішіне байланысты МЕМСТ 18105 белгіленген талап етілетін беріктілікке сәйкес келуі тиіс.

4.3.6 Тығыз силикат бетонның сығылуға жіберілу беріктілігінің (сығылуға беріктілігі бойынша бетонның класына немесе маркасына пайызбен) нормаланатын мәнін автоклавты қатаятын бетон бұйымдар үшін кем дегенде 100 % деп алу қажет.

4.3.7 Тығыз силикат бетонның аязға төзімділік бойынша маркасын (F) ылғалды күйінде кезек-кезек тоңу және еріту әсеріне ұшыратылған конструкцияларға тағайындау керек.

Егер негізгі үлгілердің сығылуға беріктілігінің орташа мәні осы марка үшін белгіленген кезек-кезек тоңу және еріту циклдарының санынан кейін бақылау үлгілерінің сығылуға орташа беріктілігімен салыстырғанда 5 % аспайтындай азайса, тығыз силикат

бетонның аязға төзімділік бойынша маркасын талап етілетінге сәйкес ретінде қабылдау қажет.

4.3.8 Су өткізбеушілік бойынша марканы (W) өткізбеушілік бойынша талаптар қойылған конструкцияларға тағайындау керек.

4.3.9 Бетонның аязға төзімділік пен бетон және темірбетон конструкциялардың су өткізбеушілік бойынша маркасын олардың пайдаланылу режимі мен құрылыс жүргізілетін аудандағы қысқы ауа температурасының есептелген мәніне байланысты төмендегідей қабылдау қажет:

- ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялары үшін (жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғаларынан басқа) 1-кестеде көрсетілгеннен төмен емес;

- жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғалары үшін – ҚР ЕЖ 5.03-102 талаптарына ескере отырып, 1-кестеде көрсетілгеннен төмен емес.

4.3.10 Бетон және темірбетон конструкциялардың орташа тығыздық бойынша маркасы пайдалану режиміне байланысты төменде көрсетілгеннен кем болмауы керек:

- іштегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60 % дейін болғанда пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстардың ішкі конструкциялары үшін – D1700;

- іштегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60 % бастап 75 % дейін болғанда немесе ылғалдылық қалыпты аймақта пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстардың ішкі конструкциялары үшін, сондай-ақ ғимараттардың санитарлық тораптарының аражабындары үшін – D1800;

- іштегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75 % жоғары немесе ылғалды аймақта пайдаланылатындарды қоспағанда, сыртқы қоршау конструкциялар мен ғимараттардағы жертөлелердің қабырғалары үшін (ҚР ЕЖ 5.03-102) – D1800;

- іштегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75 % жоғары немесе ылғалды аймақта пайдаланылатын барлық конструкциялар үшін, сондай-ақ қоғамдық ғимараттардағы санитарлық тораптардың аражабындары, балкондар мен лоджиялардың плиталары, карниздер және қасбеттердің басқа да шығыңқы бөлшектері үшін – D1900 бастап D2400 дейін;

- агрессивті ортада пайдаланылатын конструкциялар үшін – D1900.

4.3.11 Агрессивті ортада пайдаланылатын конструкциялар үшін толығымен гидратацияланған тұтқырдағы бетонды қолдану ұсынылмайды.

4.3.12 Орын-жайларының режимі сулы ғимараттарда (монша, сауна, бассейндер және т.б.) силикат бетон қолдану рұқсат етілмейді.

4.3.13 Ерекше пайдалану жағдайларында жұмыс істеуге арналған (жер сілкіну әсері болғанда, бетон және темірбетон конструкцияларға келтірілетін агрессивті әсердің дәрежесі болғанда, жоғары ылғалдылық жағдайларында және т. б.) тығыз силикат бетон бұйымдар мен конструкцияларды қолданған уақытта нормативтік құжаттарға сай келетін мұндай конструкцияларға қойылатын қосымша талаптарды орындау қажет.

4.3.14 B10, B12,5 кластағы бетонды іштегі ауасының салыстырмалы ылғалдылығы 60 % дейінгі орын-жайларда немесе ылғалдылықтың құрғақ аймағында пайдаланылатын жазық (шыбықты емес) бетон, темірбетон конструкцияларға ғана қолдану керек (санитарлық тораптардың жоғарғы жағындағы аражабын плиталарынан және біріктірілген шатырдан басқа).

**ҚР ЕЖ 5.03-103-2013**

**1-кесте – Пайдалану режиміне байланысты бетон және темірбетон конструкциялардың аязға төзімділік және су өткізбеушілік бойынша бетон маркасы**

Конструкциялардың пайдаланылу шарттары		Бетонның маркасы, төмен емес					
Режимнің сипаттамасы	Есептік қысқы	аязға төзімділік бойынша			су өткізбеушілік бойынша		
		жауапкершілік дәрежесі бойынша кластағы ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялары үшін (жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғаларынан басқа)					
	I	II	III	I	II	III	
1. Кезек-кезек тоңу және еру: а) суға қаныққан күйде (мысалы, мәңгі мұз басқан аудандардағы маусымдық еритін топырақ қабатында орналасқан конструкциялар)	Минус 40 төмен	F300	F200	F150	W6	W4	W2
	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F200	F150	F100	W4	W2	Нормаланбайды
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	F150	F100	F75	W2	Нормаланбайды	
	Минус 5 және одан жоғары	F100	F75	F50	Нормаланбайды		
б) эпизодтық суға қанығу жағдайларында (мысалы, үнемі атмосфералық әсерге ұшырайтын жер үстіндегі конструкциялар)	Минус 40 төмен	F200	F150	F100	W4	W2	Нормаланбайды
	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F100	F75	F50	W2	Нормаланбайды	
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	F75	F50	F35	Нормаланбайды		
	Минус 5 және одан жоғары	F50	F35	F25	Нормаланбайды		
в) эпизодтық суға қанығу болмаған жағдайда ауа-ылғалды күйдегі жағдайларда (мысалы, үнемі қоршаған ауа әсеріне ұшырайтын, атмосфералық жауын-шашын әсерінен қорғалған конструкциялар)	Минус 40 төмен	F150	F100	F75	W4	W2	Нормаланбайды
	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F75	F50	F35	Нормаланбайды		
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	F50	F35	F25	Сол сияқты		
	Минус 5 және одан жоғары	F35	F25	F25	Сол сияқты		

1-кесте жалғасы

Конструкциялардың пайдаланылу шарттары		Бетонның маркасы, төмен емес					
Режимнің сипаттамасы	Есептік қысқы  сырттағы ауа температурасы, °C	аязға төзімділік бойынша			су өткізбеушілік бойынша		
		жауапкершілік дәрежесі бойынша кластағы ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялары үшін (жылытылатын ғимараттардың сыртқы қабырғаларынан басқа)					
		I	II	III	I	II	III
2. 0°C төмен температураның эпизодтық әсері болуы мүмкін: а) суға қаныққан күйде (мысалы, топырақта немесе су астындағы конструкциялар)	Минус 40 төмен	F150	F100	F75	Нормаланбайды		
	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F75	F50	F35	Сол сияқты		
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	F50	F35	F25	Сол сияқты		
	Минус 5 және одан жоғары	F35	F25	F25	Сол сияқты		
б) Ауа ылғалдылығы жағдайларында (мысалы, құрылыс пен монтаждау кезінде жылытылатын ғимараттардың ішкі конструкциялары)	Минус 40 төмен	F75	F50	F35	Нормаланбайды		
	Минус 20 төмен минус 40 дейін қоса алғанда	F35	F25	F25	Сол сияқты		
	Минус 5 төмен минус 20 дейін қоса алғанда	F35	F25	F25	Сол сияқты		
	Минус 5 және одан жоғары	F25	F25	F25	Сол сияқты		
<p>Ескертпелер</p> <p>1 Сырттағы ауаның есептелген қысқы температурасы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарын ҚР ЕЖ 5.03-102 ескере отырып қабылданады.</p> <p>2 Бетонның сумен жабдықтау және жер суландыру құрылыстары конструкцияларына арналған су өткізбеушілігінің жобалық маркаларын W4 төмен болмайтындай, ал бетонның аязға төзімділік бойынша жобалық маркаларын ауыр бетонға арналғандай тиісті нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттардың нұсқаулары бойынша қабылдау қажет.</p> <p>3 Бетонның жебірлі ортада пайдаланылатын конструкциялар үшін су өткізбеушілік бойынша жобалық маркасы W6 төмен болмауы тиіс.</p>							

## **ҚР ЕЖ 5.03-103-2013**

4.3.15 В10 және В12,5 кластардағы бетон конструкцияларды жебірлі орталарда, сондай-ақ жүктеме сан мәрте түсірілетін жағдайларда қолдануға жол берілмейді.

4.3.16 Нақты бұйым түріне арналған нормативтік құжаттарда белгіленетін тығыз толтырғыштардағы тығыз силикат бетонның уатылу көрсеткіштері МЕМСТ 25214 көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

4.3.17 Силикат бетон болат арматурамен қажетінше ұстаса алатынын және оған жақын сызықтық кеңею коэффициентін ескеру керек. Бұл оның арматураланған құрылыс конструкцияларында қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бұйымдардың нормаланған қалыңдықтағы қорғайтын қабаты болған жағдайда, тығыздығы жоғары силикат бетондағы болат арматура жақсы сақталады, тот баспайды.

4.3.18 Ауа ортасының ылғалдылығы 75 % жоғары ішкі орын-жайлардың конструкцияларындағы және судың немесе атмосфералық жауын-шашынның әсері үнемі болатын конструкциялардағы арматураны тот басуды тежейтін тежегіштердің – лигносульфонаттардың, танниндер, аминоспирттардың көмегімен қорғау қажет.

### **4.4 Тығыз силикат бетонға арналған материалдар**

#### **4.4.1 Тұтқырлар**

4.4.1.1 Силикат бетон дайындау үшін әктас және кремнеземді материалдардың, толтырғыштар мен су негізінде алынатын тұтқырларды қолдану қажет.

4.4.1.2 Тығыз силикат бетон бұйымдар мен конструкциялар өндірісінде пайдаланылатын материалдар нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы және сәйкестік сертификаттары болуы тиіс.

4.4.1.3 Ережелер жинағы әктас-кремнеземді тұтқырдың келесі түрлерінің қолданылуын көздейді:

- ауа кальций, магнезиалды немесе доломитті әктас пен құм негізінде дайындалған әктас-құм;

- әктас-белит типті (табиғи құрамды мергелизді карбонатты жыныстардан алынатын гидравликалық әктас және жасанды карбонатты-кремнеземді қоспалардан алынатын тұтқыр әктас-белит) тұтқырлар негізінде дайындалған әктас-құм;

- қождың ауа әктасы негізінде дайындалған әктас-қож.

4.4.1.4 Әктас (31 % бастап 47 % дейін) пен құмды (68 % бастап 51 % дейін) қосып илеу арқылы алынатын әктас-құм тұтқырының меншікті беті кем дегенде 4500 см<sup>2</sup>/г болуы тиіс.

4.4.1.5 Кремнеземді компоненттер ретінде:

- кварц, бархан, кварц-полевошпат немесе полиминерал құрамды құм, кен байыту комбинаттарының қалдықтарын;

- қож – түйіршіктелген (металлургия, энергетика және электротермикалық фосфор өндірісі) және домна пештен шыққан баяу суытылған қождың барлық түрлерін қолдану керек.

4.4.1.6 Әктас-белит тұтқырдың құрамында 35 % бастап 45 % дейінгі көлемде бос СаО және кем дегенде 30 % көлемде екі кальцийлі силикат болуы тиіс. Тұтқырдың меншікті беті кем дегенде 4000 см<sup>2</sup>/г болуы тиіс.

4.4.1.7 Жоғары негізді күл тұтқырының құрамында кем дегенде 30 % CaO, 3 % аспайтын SO<sub>3</sub>, 3% аспайтын сілтілік тотығулар болуы тиіс. Тұтқырдың меншікті беті кем дегенде 3000 см<sup>2</sup>/г болуы тиіс.

4.4.1.8 Кальцийлі, магнезиалды және доломитті ауа әктас гидратациялану ұзақтығы 25 мин аспайтын барлық сұрыптар үшін МЕМСТ 9179 талаптарына сай келуі керек.

4.4.1.9 Шихта компоненті ретінде қатаюды тездеткіштермен бірге немесе МЕМСТ 3476 талаптарына сәйкес аралас тұтқырмен бірге түйіршіктелген домна пешінің қожын қолдану қажет. Қождың құрамындағы Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> мен SiO<sub>2</sub> (белсенділік модулі) және негізгі және бейтарап құждың пайыздық мөлшерінің қатынасы кем дегенде 0,4 болып, негізгі тотықтардың қышқылды тотықтардың (белсенділік модулі) мөлшеріне қатынасы кем дегенде 0,9 болуы керек. Қождағы марганец тотығының мөлшері 1,5 % аспауы, күкіртті және күкірт қышқылды қоспалардың мөлшері SO<sub>3</sub> есептегенде 2 % аспауы тиіс.

4.4.1.10 Түйіршіктелген қождың арасында бөгде қосындылар, тығыз тас тәріздес кесектер және қоспалы материалдар болмауы керек.

4.4.1.11 Әктас пен қож негізіндегі аралас тұтқырдың меншікті беті кем дегенде 5000 см<sup>2</sup>/г болуы керек.

4.4.1.12 Қасиеттері тұрақсыз әктасты пайдаланған уақытта тұтқырлардың ұсақталатын өнімі механикалық және пневматикалық араластырылатын гомогенизаторларда орташалау қажет.

4.4.1.13 В10 бастап В60 дейінгі кластағы бетондарды алу үшін тұтқырларға қойылатын негізгі талаптар 2-кестеде көрсетілген.

**2-кесте – Тұтқырларға қойылатын негізгі талаптар**

Әктас-кремнеземді тұтқырлардың компоненттері және оларға қойылатын талаптар	Өлшем бірлігі	Әктас-кремнеземді тұтқырлар келесі негіздерде		
		ауа әктас		әктас-белит типті тұтқырлар
		әктас-құм	әктас-қож	әктас-белито-құм
Ауа әктас (кальцийлі, магнезиалды және доломитті)	Салмағы бойынша %	31 бастап 47 дейін	8 бастап 10 дейін	-
Оның ішінде CaO+MgO есептелген белсенді	Сол сияқты	25 бастап 38 дейін	6,4 бастап 8 дейін	-
Құм	Сол сияқты	68 бастап 51 дейін	22 бастап 10 дейін	-
Гипс тас	Сол сияқты	2 (0)	0 бастап 5 дейін	-
Қож	Сол сияқты	-	70 бастап 75 дейін	-
Табиғи құрамды мергелизді карбонатты жыныстардан алынатын гидравликалық әктас және жасанды карбонатты-кремнеземді қоспалардан алынатын әктас-белит типті тұтқырлар	Сол сияқты	-	-	40 бастап 70 дейін

2-кесте – Тұтқырларға қойылатын негізгі талаптар (жалғасы)

Эктас-кремнеземді тұтқырлардың компоненттері және оларға қойылатын талаптар	Өлшем бірлігі	Эктас-кремнеземді тұтқырлар келесі негіздерде		
		ауа әктас		әктас-белит типті тұтқырлар
		әктас-құм	әктас-қож	әктас-белит-құм
Соның ішінде бос СаО есептегенде	Сол сияқты	-	—	14 бастап 35 дейін
Құм	Сол сияқты	—	—	30 бастап 60 дейін
Гипс тас	Сол сияқты	—	—	0 бастап 1,5 дейін
<b>Ұсақтау жұқалығы</b>				
Меншікті беті бойынша:	мың см <sup>2</sup> /г			
әктас-кремнеземді тұтқыр, кем емес ұсақталған құм:		5 (4)	5	4
- кем дегенде	«	1 (1,8)	—	1
- асырылмай	«	2,5 (2)	—	2,5
ұсақталған қож:				
- кем дегенде	«	—	2	—
- асырылмай	«	—	3	—
№ 009 електе қалған әктас-кремнеземді тұтқырдың қалдығы бойынша, көп емес	%	8 (15)	8	8
СаО + MgO белсенді түйіршіктерінің болуы ГОСТ 22688 сәйкес 0,2 мм ірі	%	0,5 (нормаланбайды)	0,5	0,2
Меншікті беті бойынша:	мың см <sup>2</sup> /г			
Диірмендегі әктас-кремнеземді тұтқырдағы - Са(ОН) <sub>2</sub> кальций тотығының белсенді СаО немесе бос СаО жалпы мөлшеріне қатысты гидратациялану дәрежесі	%	40 бастап 80 дейін (30 дейін)		40 бастап 80 дейін
Эктас-кремнеземді тұтқырдың ұстаса бастауы, кем дегенде	мин.	20 (нормаланбайды)	20	20
<p>Ескертпе - Жақшада бетон қоспаларын дайындаудың екінші (гидратты) тәсілінде пайдаланылатын тұтқырларға қойылатын талаптар көрсетілген (4.8.1-тарауы). Қалған талаптардың бәрі бетон қоспасын әзірлеудің «қайнау» және гидратты тәсілдерінде пайдаланылатын тұтқырларға жатады.</p>				

4.4.1.14 Тұтқырдың құрамын конструкциялар мен бұйымдарға қойылатын талаптарды ескере отырып таңдау керек.

4.4.1.15 Белсенді немесе бос СаО мөлшері жоғары (30 % және одан артық) тұтқырларды отқа төзімділік дәрежесі I, II және III ғимараттардың конструкциялары мен бұйымдарын дайындаған уақытта қолдану қажет. Мұндай бұйымдар үшін тұтқырдағы СаО гидратациялау дәрежесі кем дегенде 70 % болуы тиіс.

4.4.1.16 Өзге бұйымдарды дайындаған уақытта белсенді және бос СаО мөлшері мен тұтқырдағы СаО гидратациялану дәрежесін техника-экономикалық көрсеткіштер жақсы болғанда талап етілетін беріктігі мен тығыздығы бар бетонды алу қажеттілігіне қарай тағайындау қажет. Қаттылығы жоғары бетондарды алу үшін белсенді және бос СаО мөлшері азырақ (30 % дейін) тұтқырды қолдану қажет.

4.4.1.17 Тұтқырды дайындау үшін пайдаланылатын материалдарды дайындау келесі операцияларды қамтиды:

- әктас материалдар мен гипс тас кесектерінің ірілігі 25 мм дейін болатындай, ал қож шекті ірілігіне дейін 10 мм болатындай ұсақталады;

- қождан алынған металл қосындыларды ажыратып алу үшін электромагниттік сепарация жүргізіледі;

- карьерлік ылғалдықтағы құм саңылаулары 10 мм дірілтербеліс арқылы еленеді; қатқан құм шығыс бункеріне түспей тұрып жылытылу керек;

- ылғалдылығы 2 % жоғары қожды кептіру керек; түйіршіктелген домна пеші қожының сапасы нашарламауы үшін (әйнектелмеуі үшін) қождың кептіру агрегатынан шыққан уақыттағы температурасы 150 °С аспауы керек.

4.4.1.18 Тұтқырдың барлық компоненттерін салмағы бойынша дозалау керек.

4.4.1.19 Әктас материалдар, гипс тас пен қож үшін мөлшерлеу дәлдігі кем дегенде  $\pm 2 \%$ , құм үшін кем дегенде  $\pm 3 \%$  болу керек. Белгіленген ара-қатынастағы тұтқыр компоненттері диірменге алдын ала араластырылмай немесе үздіксіз не мерзімдік әсердегі араластырғышта аз уақыт араластырылғаннан кейін келіп түсіп, бірге ұсақталуы керек. Құмның карьерлік ылғалдылығы тұтқырдың құрамындағы кальций тотығының белгіленген дәрежедегі гидратациялануын қамтамасыз етпесе, құмды қосымша ылғалдандыру немесе жетпей тұрған су мөлшерін қоректендіргішке не диірменге құю қажет.

#### 4.4.2 Қоспалар

4.4.2.1 Тығыз силикат бетонның қасиеттерін реттеу үшін қоспалар қосу қажет.

4.4.2.2 Әктастың күйдірілу процессін тежейтін қоспалар ретінде:

- гипс пен гипсоангидрит – ҚР СТ EN 13279-1, МЕМСТ 4013 бойынша;

- сульфитті-спиртті барда (ССБ) қолдану қажет.

4.4.2.3 Ұсақталған күйдірілмеген әктастың ұстасуын тежейтін анағұрлым тиімді тежегіш беткі белсенді заттары: сульфиттік-спирттік бардасы, торфтың су-сілті тартылымы және т. б. бар кальций немесе магний сульфатының жинақталған қоспасы болып табылатынын ескеру қажет.

4.4.2.4 Әктасты ұсақтау процесінде әктас салмағынан 5 % бастап 7 % дейінгі мөлшерде гипс (қос сулы гипске есептегенде), ал шымтезек сығындысы 3 % бастап 5 % дейінгі мөлшерде немесе сульфиттік-спирттік сілті 0,5 % бастап 0,7 % дейінгі мөлшерде қатыратын сумен бірге қосылуы керек.

4.4.2.5 Автоклавты катаю процессін төмендегідей қоспаларды қосып үдету керек:

- натрий сульфаты– тұтқыр салмағының 0,5 %;

- тұнбалы жыныстар – трепел, диатомит, опоки, сазбалшық, саздақ, лесса – 3 % бастап 30 % дейінгі аралықта.

## ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

Бұл қоспалар ішінара әктасты алмастыра алады. Қоспалардың ұсақталу жұқалығы 3000 бастап 4000 см<sup>2</sup>/г дейін болуы тиіс.

4.4.2.6 Бетон қоспасын қатыратын сумен пластификациялау үшін төмендегідей пластификациялайтын қоспалар қосу керек:

- кремний органикалық сұйықтық (ГКЖ-10 және ГКЖ-11);
- синтетикалық пластификациялайтын қоспа (СПҚ);
- беткі белсенді сілті;
- сульфиттік-спирттік сілті (ССС);
- суперпластификатор С-3;
- микрокремнезем – аморфты түрленген қостотығы мөлшері 92 % артық өте шашыраңқы материал.

Басқа да қоспаларды қосуға болады. Мұндай кезде олардың қолданылу тиімділігі ГОСТ 30459 сәйкес нақты бір өндіріс жағдайларында тексерілуі шарт.

### 4.4.3 Толтырғыштар

4.4.3.1 Силикат бетондардың толтырғыштары ретінде құрамында кем дегенде 80 % кремнезем, 10 % аспайтын сазбалшық қосындысы мен 0,5 % аспайтын слюда бар орташа, ұсақ және өте ұсақ кварц құм пайдалану керек.

4.4.3.2 Силикат бетонның ұсақ толтырғышы ретінде ҚР СТ EN 12620, МЕМСТ 8736 талаптарына сәйкес табиғи және уақталған құм пайдалану керек.

4.4.3.3 МЕМСТ 948 сәйкес келетін ірілік модулі ( $M_i$ ) 2,5 аспайтын керамзит құмды орташа тығыздығы 1100 бастап 1200 кг/м<sup>3</sup> дейін силикат бетон үшін және 2,0 орташа тығыздығы 1000 кг/м<sup>3</sup> төмен силикат бетон үшін қолдану қажет.

4.4.3.4 МЕМСТ 12865 бойынша ірілік модулі ( $M_i$ ) 2,5 аспайтын вермикулит құмның суға мұқтаждығы 16 % аспауы керек.

4.4.3.5 Ірі толтырғыш ретінде тығыз тау жыныстарынан жасалған қиыршықтас, малтатас немесе домна, фосфорлы және түйірлер көлемі 3 бастап 15 мм дейін нормативтік құжаттардың талаптарына сай келетін басқа да қож түрлерінен жасалған қиыршықтас қолдану қажет.

- ҚР СТ EN 12620, МЕМСТ 8267 бойынша табиғи тастан жасалған қиыршықтас;

- ҚР СТ EN 12620, МЕМСТ 5578 бойынша домна пеші қожынан жасалған қиыршықтас;

- ҚР СТ 948 бойынша қиыршықтас және аглопорит құмы;

- ҚР СТ 948 бойынша малтатас және керамзит құмы;

- ҚР СТ EN 12620, ҚР СТ 948 бойынша шунгит малтатас;

- ҚР СТ 948 бойынша қиыршықтас және металлургиялық қождан жасалған кеуек құмы (қож пемзасы).

4.4.3.6 Суды ҚР СТ ISO 12439, МЕМСТ 23732 бойынша қолдану ұсынылады. Су температурасын 25 °С асыруға болмайды.

#### 4.5 Арматура бұйымдары және салма бөлшектер

4.5.1 Тығыз силикат бетоннан жасалған конструкциялар мен бұйымлардың арматуралау үшін арматуралық болаттың төмендегідей түрлері мен кластарын қолдану қажет:

- МЕМСТ 10884 бойынша кернелетін арматура (дәнекерленуі мен арматураның тот басудан сызатталуына жоғары төзімділігіне қарамастан);

- ҚР СТ EN 10138-4, МЕМСТ 5781 бойынша ыстық қалпында созылған шыбықты;

- ҚР СТ 2102-2, МЕМСТ 7348 бойынша беріктілігі жоғары сым;

- МЕМСТ 5781 бойынша кернелмейтін арматура;

- ҚР СТ 2102-2, МЕМСТ 6727 бойынша мерзімді профильді сым;

- ҚР СТ ИСО 6934-2 бойынша суық қалпында созылған сым.

4.5.2 Арматураның тот басудан қорғалуын конструкцияның пайдаланылу шарттарына байланысты қарастыру қажет:

- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60 % дейін болғанда немесе ылғалдылықтың құрғақ аймағында арматураны тот басудан қорғау бойынша арнайы шаралар қарастырылмайды;

- іштегі салыстырмалы ауа ылғалдылығы 60 % жоғары және 75 % дейін болғанда немесе ылғалдылығы қалыпты аймақта бетондағы арматураның сақталуын (бетонның маркалы беріктілігі мен тығыздығын бастапқы мәндермен салыстырғанда бір сатыға көтеру немесе конструкциялардың бетіне су өтпейтін жабын төсеу) қамтамасыз ету шараларын қолдану керек;

- іштегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75 % жоғары болғанда немесе ылғалды аймақта, сондай-ақ жебірлі орта болғанда және атмосфералық жауын-шашынның әсері мен кері әсерлі температура күшейгенде арматураны тот басудан латексті-минералды жабынмен қорғау қажет.

4.5.3 ҚР ЕЖ 2.01-101 талабына сәйкес барлық арматура мен салма бөлшектер арнайы өңделген жабындармен қорғалуы керек.

4.5.4 Арматураның тығыз силикат бетоннан жасалған конструкциялар мен бұйымдардағы тот басуға төзімділігі бетонның тығыздығына, бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығына және бұйымдардың пайдаланылу шарттарына байланысты болады. Бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығы МЕМСТ 17625 бойынша жұмыс сызбаларына сәйкес болуы керек.

4.5.5 Өлшемдердің дәлдігі, беттердің сапасы, арматуралық және салма бұйымдардың дәнекерленген бірігулерінің беріктілігі ҚР СТ EN 10080, МЕМСТ 10922, МЕМСТ 8478 талаптарына сәйкес келуі тиіс. Арматуралық бұйымдардың орналасуы, пішін, өлшемі және бекіту тәсілдері жұмыс сызбаларының талаптарына сай келуі керек.

4.5.6 Арматураның жобалық орналасуын қамтамасыз ету мақсатында бекіткіштер орнату керек. Кернелмейтін арматураның биіктігі бойынша бекіткіштердің арасы келесідей болуы қажет:

- диаметрі 3 бастап 4 мм дейін болғанда .....0,4 бастап 0,5 м дейін;

- диаметрі 5 бастап 6 мм дейін болғанда .....0,6 бастап 0,8 м дейін;

- диаметрі 8 бастап 12 мм дейін болғанда .....0,8 бастап 1,2 м дейін.

## 4.6 Тығыз силикат бетоннан бұйымдар және конструкциялар жасау

### 4.6.1 Тұтқыр материалдарды дайындау

4.6.1.1 Тығыз силикат бетоннан конструкциялар мен бұйымдар дайындау технологиясында әктас-кремнеземді тұтқырды дайындаудың екі негізгі тәсілі қолданылады – «қайнау», «гидратты» және олардың түрлері.

4.6.1.2 Тұтқыр «гидратты» тәсілмен дайындалған уақытта алдын ала күйдіріліп қойған әктасты қолдану керек.

4.6.1.3 Арақатынас (құм:әктас) шикізат материалдарының қасиеттеріне байланысты қолданылуы керек.

4.6.1.4 Арақатынас (құм:әктас) құрамы әртүрлі тұтқырда дайындалған бақылау үлгілерін сынау нәтижелері бойынша зауыт зертханасымен таңдауы керек.

4.6.1.5 Алынған тұтқырды құм-толтырғышпен белгіленген мөлшерлестікпен араластыру керек. Алынған қоспа әктас толығымен гидратацияланғанша сүрленеді, кейіннен ылғалдандырылады. Осыдан соң қалыптайды және автоклавты өңдейді.

4.6.1.6 Ұнтақталған әктас-қайнағышта дайындалған силикат бұйымдардың беріктілік және аязға төзімділік бойынша көрсеткіштері күйдірілген әктаста дайындалғанмен салыстырғанда жақсырақ екенін ескеру қажет.

4.6.1.7 Ұнтақталған әктас-қайнағыш қоспалармен тез ұстасатынын (шамамен 5 мин) және әктастың ауа ылғалдығымен қарқынды гидратациялатынын және мұның нәтижесінде жинап, тасымалдау кезінде белсенділігі тез жоғалатынын ескеру қажет.

4.6.1.8 Кальций тотығының мөлшері 80 % бастап 90 % дейінгі белсенділігі жоғары әктастағы тығыз силикат бетоннан бұйымдар дайындаған кезде қоспа тез күйдірілетінін атап өту қажет. Бұл оны қалыптау орнына тасымалдаған уақытта қоспаның ұстасуына және бұйымдарда шөгетін жарықтардың пайда болуына әкеледі.

4.6.1.9 Бұйымдардың сапасын жақсарту үшін әктас пен құмның ара-қатынасы бірдей болғанда 60 % бастап 70 % дейін кальций тотығы бар белсенділігі азырақ әктасты қолдану қажет. Бірақ әктас-құм қоспасының белсенділігі 30 % дейін төмендегенде қалыптау қоспасының қаттылығы артады.

4.6.1.10 Белсенділігі 40 % бастап 50 % дейін әктасты (тасымалдау кезінде ішінара күйдірілген) қолдануға жол беріледі.

4.6.1.11 Әктас-құм қоспасының оңтайлы белсенділігі 18 % бастап 22 % дейінгі аралықта болу керек. Белсенді Са тотығының мөлшері бойынша қабылданатын әктас-құм қоспасының белсенділігі А, Б, және В қосымшаларына сәйкес немесе МЕМСТ 22688 бойынша анықталады.

4.6.1.12 Силикат қоспасының оңтайлы ылғал мөлшері 10 % бастап 12 % дейін болуы тиіс.

4.6.1.13 Тұтқырдың құрамындағы жекелеген компоненттердің ұсақтау жұқалығы МЕМСТ 310.2 сәйкес төмендегідей болуы керек:

- құм үшін – № 0,08 електе қалған қалдық бойынша 10 % аспайды және меншікті беті кем дегенде 2000 см<sup>2</sup>/г;

- әктас үшін – № 0,08 електе қалған қалдық бойынша 5 % аспайды және меншікті беті кем дегенде 4000 см<sup>2</sup>/г.

4.6.1.14 Гидратты әктас негізіндегі әктас-кремнеземді тұтқырдың меншікті беті кем дегенде  $3000 \text{ см}^2/\text{г}$  болуы керек.

#### 4.6.2 Силикатбетон қоспасын дайындау

4.6.2.1 Тығыз силикат бетонға арналған қоспаның «қайнау» тәсілі бойынша дайындалуы келесі негізгі әрекеттерден тұрады: әктас-күм тұтқырын (1:1 арақатынастағы күм:әктас) шарлы диірмендерде ұсақтау және мөлшерлеу, силикатбетон қоспасын мөлшерлеу және дайындау; бұйымдарды қалыптау және автоклавта өңдеу.

4.6.2.2 Бетон қоспасының құрамын белгіленген техникалық талаптарға сай келетін бетонды алуға мүмкіндік беретін кез келген әктасты әдіс бойынша таңдауға болады. Мұндай кезде бетон қоспасындағы толтырғыш күмнің ірілігіне және оның дайындалу тәсіліне байланысты болатын тұтқырдың ең төменгі жол берілетін мөлшерін ескеру керек.

4.6.2.3 Тығыз силикат бетонның құрамын келесі реттілікпен тәжірибелік жолмен таңдау қажет:

- қалыптайтын үлгілердің қабылданған тәсілінде анағұрлым тығыз бетон қоспасының алынуын қамтамасыз ететін судың оңтайлы мөлшерін анықтау. Дірілмен нығыздалған бұйымдарды дайындаған уақытта су мөлшері компоненттердің құрғақ қоспасының салмағына қарай 10 % бастап 15 % дейінгі аралықта болады;

- қоспадағы әктас-кремнеземді тұтқырдың қажетті мөлшерін анықтау, ал жұқалап ұнтақталған күм қоспалары немесе өзге кремнеземді компоненттер пайдаланылған уақытта ұнтақталған қоспаның оңтайлы көлемін анықтау. Күмнің ұнтақталу жұқалығы мен әктастың белсенділігіне байланысты ұнтақталған күм қоспасы әдетте, әктас салмағынан 50 % бастап 150% дейінгі көлемді құрайды. Қоспадағы барлық компоненттердің мөлшерін әктастың үш түрлі шығынымен және тұтқырдың әр шығынына қажетті ұнтақталған күм мен әктастың үш ара-қатынасымен сынама илем жасау негізінде белгілеу қажет;

- өндіріс жағдайына жақын жағдайда дайындалып қатайған үлгілерді сынау нәтижелерінің негізінде әктастың шығынынан және ұнтақталған күм қоспасының мөлшерінен силикат бетон беріктілігінің тәуелділік қисықтарын құру;

- күйдіретін барабан мен араластырғыштың бір илеміне жұмсалатын материалдардың мөлшерін есептеу және талап етілетін құрамды таңдау.

4.6.2.4 Тығыз силикат бетонның өндірістік құрамдарын конструкциялардың әрбір нақты түрі үшін бөлек әзірлеу керек.

Бетонның құрамын таңдау мысалдары Г қосымшасында келтірілген.

4.6.2.5 Ауа әктасты пайдаланғанда бетон қоспасындағы белсенді  $\text{CaO}+\text{MgO}$  мөлшері және әктас-белит типті тұтқыр пайдаланғандағы бос  $\text{CaO}$  мөлшері сәйкесінше кем дегенде 4 % және 2 % құрауы тиіс.

4.6.2.6 Екінші (гидратты) тәсіл бойынша дайындалған бетондар үшін тұтқырдың шығыс нормаларын белсенді  $\text{CaO}+\text{MgO}$  мөлшеріне қарай белгілеу керек – кем дегенде 5 % және бос кальций тотығының мөлшеріне қарай – кем дегенде 3 %.

4.6.2.7 Бетон қоспасының ыңғайлы салынуын бұйымдардың конфигурациясы мен көлеміне, арматуралардың көптігіне және нығыздалу тәсілдеріне қарай тағайындау қажет.

## ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

4.6.2.8 Бетонной қоспасының ыңғайлы салынуын МЕМСТ 10181 сәйкес анықтау керек.

4.6.2.9 Отқа төзімділігі I, II және III дәрежедегі ғимараттарда қолданылатын бұйымдар үшін қоспаның қаттылық көрсеткіші қимасы тұтас болса кем дегенде 30 с және қуыс болса - 20 с дейін болуы керек.

4.6.2.10 Бетон қоспасын дайындаған уақытта тұтқыр мен құм салмағы бойынша, су – салмағы немесе көлемі бойынша мөлшерленуі тиіс.

Тұтқырдың және судың мөлшерлену дәлдігі ( $\pm 2$ ) % дейін, құмдікі ( $\pm 3$ ) % дейін болуы керек.

4.6.2.11 Әктас-құм және әктас-белит-құм тұтқыры негізіндегі бетон қоспаларын екі тәсілмен дайындау қабылданған:

1) бетон қоспасындағы кальций тотығының гидратациялық ұстасу әсерінің сақталуымен;

2) кальций тотығының ұстасу әсерінсіз ұлпаға толық гидратациялануымен.

4.6.2.12 Әктас-қож тұтқыры негізіндегі бетон қоспасын бетон қоспасының барлық компоненттері (тұтқыр, толтырғыш, су) араластырғышта бірден түгел араластырылып қалыптау үшін қолданылғанда қайнау тәсілі бойынша ғана дайындау қажет.

Бетон қоспасының компоненттерін араластырғышқа келесі реттілікпен жүктеу керек: толтырғыш, тұтқыр, аз уақыт араластырылғаннан кейін (30 с дейін) су беріледі. Араластырудың жалпы ұзақтығы 3 бастап 4 минутқа дейін.

4.6.2.13 Әктастың гидратациялану процессін тездету үшін және бетон-шикізаттың беріктілігін арттыру үшін температурасы 40 °C бастап 80 °C дейін қыздырылған суды қолдану қажет.

4.6.2.14 Бетон қоспасын «гидратты» тәсіл бойынша екі қабылдауда дайындау керек. Алдымен тұтқыр, құм және су қоспасы дайындалады. Қоспа араластырғыштарда әбден араластырылғаннан кейін әктас толығымен гидратацияланғанша сүремде ұсталады.

4.6.2.15 Әктастың белсенділігі 70 % бастап 80 % дейін болғанда, оны сүрлемдерде 100 минуттан 120 минутқа дейін, ал әктастың белсенділігі 50 % бастап 70 % дейін болғанда 4 бастап 8 сағатқа дейін ұстау қажет.

4.6.2.16 Қосылатын су мөлшері әктасты гидратациялау реакциясына қажеттілікпен анықталуы тиіс. Оның қоршаған ортаға булануы және қалған ылғалдықтың қамсыздандырылуы 2,5 % бастап 3 % дейінгі аралықта болуы тиіс.

4.6.2.17 Сүрлемдерде ұсталған қоспаны үстінен қажетті консистенциядағы бетон қоспасының алынуын қамтамасыз ететін мөлшерде су қосып екінші рет араластыру қажет.

4.6.2.18 Бетон қоспасының компоненттері үздіксіз немесе мерзімді әрекет ететін араластырғыштармен араласуы керек.

4.6.2.19 «Қайнау» тәсілі бойынша дайындалған бетон қоспасы пішінге салынған уақытта 20 °C бастап 25 °C дейінгі температурада болуы керек. Бұл қалыпталып болған бұйымдарды тасымалдаған уақытта жарықтардың пайда болуына және жылумен өңдеудің бастапқы сатысында тамшының салдарынан үстерінде ақаулардың болуына жол бермеу үшін беріктілігі жеткілікті бетон-шикізаттың алынуын қамтамасыз етеді. «Гидратты» тәсіл бойынша дайындалған қоспаның температурасы реттелмейді.

### 4.6.3 Тығыз силикат бетоннан жасалған бұйымдарды қалыптау

4.6.3.1 Бетон қоспасын салуды және нығыздауды  $(20\pm 5)$  °С кем емес ауа температурасында жүргізу қажет.

4.6.3.2 Силикат бетон конструкцияларын және бұйымдарын дірілқалыптауды машиналар мен қондырғыларды пайдаланып жүргізу керек.

4.6.3.3 Қалыптау жабдығы конструкциялар мен бұйымдардың номенклатурасының, геометриялық өлшемі мен салмағының ескерілуімен таңдалуы керек.

4.6.3.4 Дірілмен нығыздау параметрлері: тербеліс жиілігі минутына 2300 бастап 3000 дейін болуы керек, амплитуда 0,6 бастап 0,8 мм дейін болуы керек. Тербеліс амплитудалары қалып ауданы бойынша біркелкі таралуы керек. Жекелеген нүктелерде амплитуда шамасының орташа мәннен ауытқуы 20 % аспауы тиіс.

4.6.3.5 Тығыз силикат бетоннан жасалған конструкциялар мен бұйымдарды қалыптарда қалыптау қажет. Қалыптар МЕМСТ 25781 талаптарына сай келуі тиіс.

4.6.3.6 Қалыптар дайындаудың технологиялық процесі қалыптардың тазалануын, жинастырылуын және майлануын қамтиды.

4.6.3.7 Тазаланған қалып қалыптастыратын бетті металлға немесе қалыптың басқа да материалына адгезиясы жеткілікті, тот басу туғызбайтын, бетонның бұзылуына және бұйымдардың беттерінде дақтардың пайда болуына әкеп соқтырмайтын, сондай-ақ адамдар денсаулығына және өрт қауіпсіздігі жағынан қауіпсіз құрамдармен майлау керек.

4.6.3.8 Майлау құрамдарын жұқалап біркелкі жағу керек.

4.6.3.9 Бетонның беті ластанатындықтан және қажет болған уақытта жабынды сапалы түрде қайта қаптау мүмкін болмайтындықтан машина майларын қолданбау ұсынылады.

4.6.3.10 Қож немесе әктас-қож тұтқыры негізінде дайындалған бетон қоспасы 60 мин кешіктірілмей қолданылуы қажет.

4.6.3.11 Қоспа «гидратты» тәсіл бойынша дайындалған уақытта қайта өңдеу уақыты 60 мин аспауы тиіс.

4.6.3.12 «Гидратты» тәсіл бойынша дайындалған қож, әктас-қож тұтқыры негізіндегі силикатобетон қоспалар қыздырылмайтынын ескеру қажет.

4.6.3.13 Қатты бетон қоспаларынан дайындалатын қабырға панелдерінде қосымша келесі шараларды қарастыру қажет:

- арматураның қорғаныс қабатының қалыңдығы кем дегенде 3 см болып алынады;
- көтеру ілмектерінің ұзындығын қатты қоспалардың пайдаланылуысыз қалыптастырылатын панелдерге көтеру ілмектерімен салыстырғанда арматуралық болат шыбықтарының 5 (d) номиналды диаметріне ұлғайту қажет;
- көтеру ілмектерінің саңылауға дейінгі аралығы кем дегенде 30 см болуы керек.

4.6.3.14 Көтергіш қабырғалардың бетон панелдерінің конструктивті арматуралануы әдетте, көтергіштік қабілетінің қандай дәрежеде пайдаланылатынына қарамастан, екі жақты болып қарастырылуы қажет. Мұндайда тік арматураның көлденең қимасының 1 м ұзындығына және көлденең арматураның тік қимасының 1 м ұзындығына келетін ауданы панелдің әр жағынан ауыр цемент бетон панелдердегідей алынуы қажет.

## ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

### 4.6.4 Автоклавтық өңдеу

4.6.4.1 Бетон қоспаларынан «қайнау» тәсілі бойынша пішінделген бұйымдар автоклавқа пішіндеу аяқталғаннан соң тура 3 сағ. кейін жүктелуі керек. Бетон қоспасы «гидратты» тәсіл бойынша дайындалғанда бұйымдарды ұстаудың қажеттілігі жоқ.

4.6.4.2 Қалыңдығы 20 см дейін бұйымдарды автоклавтарда өңдеу режимі шамаланған түрде 3-кесте бойынша тағайындалады.

#### 3-кесте – Бұйымдарды әртүрлі қысымда автоклавты өңдеу режимдері

Автоклавтағы жұмыс қысымы, МПа, кем емес	Автоклавтық өңдеу режимі, сағ			
	бу қысымының көтерілуі, кем емес	ұстау, көп емес	бу қысымының төмендеуі, кем емес	автоклавтаудың жалпы ұзақтығы, көп емес
0,8	1,5	10	2,5	14
1,0	2,0	8	3,0	13
1,2	2,5	6	3,5	12

4.6.4.3 Әрбір нақты жағдайда изотермиялық кезеңнің ұзақтығы технологияны меңгеру кезінде, ал одан кейін шикізаттың сипаттамасы, бұйымдардың номенклатурасы және негізгі технологиялық параметрлері өзгерген уақытта нақтылануы керек.

Изотермиялық кезеңнің ұзақтығы 4-кестеде келтірілген.

#### 4-кесте – Бұйымдардың қалыңдығына қарай автоклавтау кезіндегі изотермиялық кезеңнің ұзақтығы

Бұйымдардың қалыңдығы, см, дейін	Берілген температурада (артық қысым) автоклавтау кезінде изотермиялық кезеңнің ұзақтығы, сағ, көп емес )		
	175°C (0,8 МПа)	183°C (1,0 МПа)	191°C (1,2 МПа)
10	5	4	4
14	6	5	4
18	7	6	5
20	8	7	6

Ескертпелер -

1 Бұйымдарды изотермиялық ұстаудың кестеде көрсетілген ұзақтығы тұтқыр компонент ретінде құрамында кем дегенде 70 % кварц бар құмның пайдаланылуын көздейді. Құмдағы кварц мөлшері бұдан аз болғанда изотермиялық ұстау ұзақтығы 1 сағ. ұлғайтылуы керек.

2 Жұқа қосқыштары бар (10 см дейін) қуыс элементтер үшін изотермиялық кезеңнің ұзақтығы қалыңдығы 10 см тұтас бұйымдарға қолданылатын ұзақтықпен бірдей алынады.

3 Әктас-белит типті тұтқырлар қолданылғанда кестеде көрсетілген изотермиялық кезең ұзақтығы конструкциялар мен бұйымдардың беріктілік сипаттамалары сақталған жағдайда қысқартылуы мүмкін.

4.6.4.4 Автоклавтағы орта температурасын 2 сағаттан 3 сағатқа дейінгі уақыт аралығында біркелкі көтеріп, азайту қажет.

4.6.4.5 Бумен қамту көзінің жұмыс өнімділігі мен бу магистралінің қимасы ортаның температурасы көтерілген кезде автоклавқа жұмыс істеп тұрған басқа автоклавтардағы қысымның төмендеуісіз будың қажетті көлемінің берілуін қамтамасыз ету керек.

4.6.4.6 Автоклавты өңдеу барысында түзілетін конденсат автоклавтан үзбей шығарылып тұру керек.

4.6.4.7 Автоклавты өңдеуден кейін бұйымдар автоклав пен цехтегі температура айырмашылығы 30 °С жеткенше сыртқа шығарылмайды.

4.6.4.8 Силикат бетон бұйымдардың ұсынылатын номенклатурасы және оның нормативтік талаптарға сәйкестігі МЕМСТ 25214 бойынша қабылданады.

#### **4.6.5 Бұйымдар мен конструкцияларды өндіру процессін және сапасын бақылау**

4.6.5.1 Тығыз силикат бетон дайындауға арналған материалдарды сынау әдістері қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес сынау керек.

4.6.5.2 Тығыз силикат бетонның техникалық сипаттамаларын төмендегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықтау қажет:

- беріктілік - МЕМСТ 10180, МЕМСТ 28570 бойынша;
- тығыздық - ҚР СТ EN 12350-6, МЕМСТ 12730.1 бойынша;
- аязға төзімділік - МЕМСТ 10060 бойынша;
- су өткізбеушілік - МЕМСТ 12730.5 бойынша;
- тозуы - МЕМСТ 13087 бойынша;
- бетон қоспасының ыңғайлы салынуы - МЕМСТ 10181 бойынша.

Сыналатын үлгілердің және пресс-қалыптардың көлемі, оларға қойылатын басқа талаптар ҚР СТ ИСО 1920-4, МЕМСТ 10180 сәйкес болуы тиіс.

4.6.5.3 Эктас материалдары үшін келесі талдаулар жүргізілуі тиіс:

- МЕМСТ 22688 бойынша ауа эктасындағы (кальцийлі, магнезиалды және доломитті) белсенді  $\text{CaO} + \text{MgO}$  мөлшерін анықтау (талдау келіп түскен топтамаға соңғы тексеру жүргізу кезінде және тұтқырды дайындаған уақытта жүргізіледі);

- эктас-белит типті тұтқырдағы бос  $\text{CaO}$  мөлшерін  $\text{V}$  қосымшасына сәйкес анықтау керек (талдау келіп түскен топтамаға соңғы тексеру жүргізу кезінде және эктас-белит-құм тұтқырды дайындаған уақытта жүргізіледі).

Талданатын сынамалардың саны өндірістің технологиялық картасымен анықталады.

4.6.5.4 Тұтқыр компоненті ретінде пайдаланылатын құмға келесідей талдауларды жүргізу керек:

-  $\text{D}$  қосымшасына сәйкес байланыспаған  $\text{SiO}_2$  мөлшерін міндетті түрде анықтаумен химиялық, МЕМСТ 2642.1 бойынша  $\text{SiO}_2$ , күкіртті және күкірт қышқылды қосындылардың жалпы болуы;

- МЕМСТ 19609.5 бойынша алау фотометриясының көмегімен сілтілік тотығулардың ( $\text{Na}_2\text{O} + \text{K}_2\text{O}$ ) мөлшерін анықтау;

- МЕМСТ 8735 бойынша елеу әдісімен шаң тәріздес, балшықты және сазбалшықты бөлшектерді анықтау;

- МЕМСТ 8735 бойынша слюданың мөлшерін анықтаумен петрографиялық талдау;

## ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

- ҚР СТ 1217 бойынша колориметриялық әдіспен органикалық қосындылардың мөлшерін анықтау (талдау осы кәсіпорында алғаш қолданылып отырған құмның қасиеттеріне бақылау тексеру жүргізу кезінде жүргізіледі).

4.6.5.5 Эктастың гидратациялануын тежегіш ретінде тұтқырды дайындаған уақытта қолданылатын гипс тас үшін ҚР СТ EN 13279-1, МЕМСТ 4013 бойынша екі сулы кальцийдің күкірт қышқылды тұзының ( $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ ) мөлшерін анықтау қажет. Гипс тасының сапасы келіп түсетін әр топтамада тексеріледі.

4.6.5.6 Қождың сапасы бақыланған уақытта МЕМСТ 5382 бойынша күкіртті және күкірт қышқылды қосындылардың мөлшері анықталуы тиіс. Қождың сапасын жеткізуші өзгерген сайын тексеру керек.

4.6.5.7 Бетон қоспаларын дайындаған уақытта төмендегілерді тексеру керек:

- гидравликалық әктас пайдаланылған кезде белсенді  $\text{CaO} + \text{MgO}$  (ауа әктасы пайдаланылған кезде) және бос  $\text{CaO}$  мөлшерін - бір ауысымда кем дегенде екі рет;
- ылғал мөлшерін - бір ауысымда кем дегенде екі рет;
- ыңғайлы салынуды - бір ауысымда кем дегенде бір рет.

4.6.5.8 Қалыптау процессі бақыланғанда қалыптардың дайын болуы, арматураның салынуы жоба талаптарына сәйкес келуі, қоспаның нығыздалу режимі бойынша, бұйымдардың сыртқы бетінің әрленуі бойынша талаптардың орындалуы тексерілуі тиіс.

4.6.5.9 Автоклавты өңдеуді бақылаған уақытта температура мен қысымды реттейтін бағдарламалық реттеуіштердің жұмысын тексеру қажет. Бұған қоса, бұйымдардың суу ұзақтығының сәйкестігін бақылау қажет.

4.6.5.10 Тиісті нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттармен реттелетін сапаны бақылау тәсілдері (бақылау тәртібі, сынау әдістері) ҚР ЕЖ 5.03-107, ҚР СТ 937, МЕМСТ 8829, МЕМСТ 17625, МЕМСТ 22904, МЕМСТ 23858 сәйкес келуі тиіс.

4.6.5.11 Арматураның сапа көрсеткіштері (металл) арматураға нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес бақылануы керек.

Дәнекерлеу жұмыстарының сапасын бақылау, арматураның дәнекерленген бірігулерінің сапасын бақылау әдістері мен жалпы талаптар ҚР ЕЖ 5.03-107, ҚР СТ EN 10080, МЕМСТ 10922, МЕМСТ 23858 сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4.6.5.12 Алдын ала кернелген арматураның сапасын алдын ала кернелген темірбетон конструкцияларды дайындау технологиясы бойынша нұсқаулықтарға сәйкес бақылау қажет.

4.6.5.13 Конструкциялардың жарамдылығын беріктілік бойынша бағалау, бетон беттердің сапасына және сыртқы түріне қойылатын талаптар (соның ішінде ашылған технологиялық жарықтардың рұқсат берілетін еніне қойылатын талаптар) ҚР СТ 937, МЕМСТ 8829 бойынша бақылану керек.

4.6.5.14 Бетон және темірбетон конструкцияларды дайындалғаннан кейін қабылдау орындалған конструкциялардың жобаға сәйкестігін белгілеу жолымен жүзеге асырылу керек.

4.6.5.15 Бұйымдарға қойылатын жалпы техникалық талаптар, жалпы қабылдау, таңбалау, тасымалдау және сақтау талаптары ҚР СТ 937 сәйкес келуі тиіс.

4.6.5.16 Сапа көрсеткіштері атмосфералық ылғалдылық тиген кезде нашарлауы мүмкін бұйымдар немесе олардың жекелеген элементтері тасымалдау және сақтау кезінде ылғалданудан қорғалуы керек.

4.6.5.17 Бұйымдарды түрлері мен маркалары бойынша сұрыптап, арнайы жабдықталған қоймаларда сақтау қажет.

4.6.5.18 Бұйымдарды тасымалдау және сақтау кезінде нормативтік құжатта немесе осы бұйымдарға арналған жобалау құжатында көрсетілген тәсілмен (қатарға қойып, кассеталарға, контейнерлерге және т. б.) салу (орнату) қажет.

4.6.5.19 Қоймалардағы қатарлар немесе жекелеген бұйымдар арасындағы адам жүретін және көлік өтетін жолдардың көлемі нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

Қауіпсіздік техникасының және өндірістік санитарияның жалпы талаптары ҚР ЕЖ 1.03-106 сәйкес қабылдануы тиіс.

4.6.5.20 Тығыз силикат бетонға арналған бастапқы материалдарға, бетон қоспасының және қатайған бетонның қасиеттеріне, оларды айғақтау әдістеріне, бетонның құрамы бойынша шектеулерге, бетонның техникалық көрсеткіштерінің белгіленуіне қойылатын талаптар МЕМСТ 25192 сәйкес келуі тиіс.

## **5 ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНА, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

5.1 Өндірістік процестердің қауіпсіздігі МЕМСТ 12.3.002, ал қолданылатын жабдық – МЕМСТ 12.2.003, МЕМСТ 12.2.049 талаптарына сай келуі керек.

5.2 Автоклавтарды пайдаланған уақытта қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату және пайдалану қауіпсіздігі ережелерін қатаң орындау қажет.

5.3 Тығыз силикат бетоннан бұйымдар жасағанда келесі талаптарды орындау қажет:

- арматураны құрамында органикалық еріткіштері бар құрамдармен тот басудан қорғау жұмыстары барысында арнайы киім (комбинезон, резеңке алжапқыш, қолғап, етік, респиратор, көзді қорғайтын көзілдірік) кию қажет;

- жұмыстың мұндай түрі жүргізілетін орын-жайлар күштеп желдетілуі керек;
- органикалық еріткіштермен жұмыстар жүргізілетін орындарда өртке қарсы қадағалау ұйымдастыру қажет. Бұл орындар өртке қарсы жабдықтармен (өрт сөндіргіштер, кошма, құм салынған жәшіктер және т. б.) жарақталуы тиіс;

- қорғайтын жақпа жағылған орындарда темекі шегуге, ашық от пайдалануға және ұшқын шығуы мүмкін жұмыстарды орындауға тыйым салынады;

- органикалық еріткіштерді, бояуларды және олардың негізіндегі шайырларды Отқа қауіпті өнімдер тасымалдау ережесіне сәйкес қымталып жабылған металл ыдыста тасымалдау қажет.

5.4 Барлық үй-жайлар МЕМСТ 12.1.005 бойынша жұмыс аймағындағы ауаның күйін қамтамасыз ететін сорып-жіберу желдеткішімен ҚР ЕЖ 4.02-101, МЕМСТ 12.4.021 бойынша жабдықталуы тиіс.

5.5 Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу және өртке қарсы қорғаныс жүйелерімен, соның ішінде МЕМСТ 12.1.004 талаптарына сәйкес ұйымдық-техникалық іс-шаралармен қамтамасыз етілуі тиіс.

## **ҚР ЕЖ 5.03-103-2013**

5.6 Қоспа ерітінділерін дайындауға жұмылдырылатын жұмысшылар денсаулықтары тексерілуі және осындай жұмыстарды орындауға медициналық қарсы көрсетілімдері болмауы керек, олар мақсатты нұсқау беру кезінде алған нұсқауларды бұзбауы қажет.

5.7 Қоспа ерітінділерін дайындайтын жұмысшылар арнайы киімді және жеке қорғаныс құралдарын пайдалануы қажет.

5.8 Сілтілік қасиеттері күшті заттармен жұмыс істеген кезде абай болу және жеке қорғаныс құралдарын (резеңке қолғап, халат және т. б.) пайдалану қажет.

5.9 Жұмысшылар ҚР ЕЖ 3.02-108 талаптарына сәйкес санитарлық-тұрмыстық үй-жаймен қамтамасыз етілуі тиіс.

Жеке гигиенаға арналған үй-жайлар қарастырылуы қажет.

5.10 Жұмысшылар шаңданатын материалдармен жұмыс істегенде жеке қорғаныс құралдарымен: комбинезондармен, костюмдармен, халаттармен, алжақыштармен, шаңға қарсы респираторлармен, респираторлармен, қолғаппен, көзілдірікпен қамтамасыз етілуі керек.

5.11 Жұмыс орнындағы шуыл деңгейі МЕМСТ 12.1.003 бойынша жол берілетін деңгейден аспауы керек.

5.12 Бетон дайындауда қолданылатын шикізат материалдары радионуклидтерінің тиімді белсенділігі  $A_{\alpha\phi}$  МЕМСТ 30108 бойынша бетонның қолданылу саласына байланысты шекті мәндерден, Бк/кг, аспауы керек.

5.13 Тығыз силикат бетон конструкциялары мен бұйымдарын дайындау кезінде қолдалынған қоршаған ортаны қорғау шаралары шаң шығуды азайту, шу деңгейін және басқа да кері әсерді азайту жолымен қоршаған ортаға келтірілетін кері әсердің азайтылуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.14 Тығыз силикат бетон бұйымдарын жасағанда атмосфераға түрлі фракциядағы шаң бөлшектерінің көп мөлшерде шығуын азайту үшін өндіріс цехтарына аспирациялау жүйелерінің орнатылуын қарастыру қажет.

5.15 Топырақ және топырақ суларының ластану деңгейін азайту мақсатында конструкцияларды дайындаған кезде ағын сулардың тазартылуын қарастыру қажет.

5.16 Қоршаған ортаны қорғау үшін силикат бетон және одан жасалатын бұйымдарды дайындау кезінде шығарылатын өнеркәсіптік қалдықтарды барынша пайдалануға ықпалын тигізетін іс-шаралар қарастырылуы керек.

## **6 ТЫҒЫЗ СИЛИКАТ БЕТОНДЫ КОНСТРУКЦИЯЛАР МЕН БҰЙЫМДАРДЫ ЖАСАУДА ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ**

6.1 Жылудың айналаға кетіп жоғалуын азайту үшін автоклав пен барлық бу құбырларының бетін жылу оқшаулау қабатымен қаптау қажет. Тұйық немесе өтпелі автоклавтар қолданылады. Қаныққан бу шығу, пайдаланылған буды басқа автоклавқа жіберу үшін автоклавтарды магистральдермен жабдықтау қажет.

6.2 Тығыз силикат бетон бұйымдарды шығарғанда жүзеге асырылатын энергия үнемдеу шаралары төмендегідей болуы мүмкін:

- булану аяқталған автоклавтан буды жаңа жүктелген автоклавқа қайта жіберу. Мұндай әрекет, әдеттегідей, автоклавтағы бу қысымы 0,25 бастап 0,35 МПа дейін азайған уақытта жүргізіледі. Қайта жіберу уақыты 0,5 сағаттан 0,75 сағатқа дейін.

Қайта жіберілетін бу жаңадан жүктелген шикізаттың басқа автоклавты қыздырып, оның қысымын 0,15 бастап 0,25 МПа дейін көтереді. Мұндай кезде бу 20 % бастап 25 % дейін үнемделеді;

- буды қосарлап қайта жіберуге де болады. Мұндай әрекет келесідей жүреді. Бу бір автоклавтан екіншісіне жоғарыда көрсетілген тәртіппен қайта жіберіледі. Мұндай кезде үшінші автоклав вакуумдап, оның ішіне буды қысымы 0,25 МПа дейінгі автоклавтан алып қайта жібереді. Үшінші автоклавтағы қысым атмосфералық қысыммен бірдей болған уақытта оның үстінен бу бұл кезде толық қысым астында болатын төртінші автоклавтан қосымша жіберіледі. Буды қосарлап қайта жіберу тәсілі жылуды 40 % дейін үнемдеуге мүмкіндік береді;

- ақауға шығарылған автоклавтан дайындалатын бу аккумуляторларын орнату. Бұл басқа автоклав буды қабылдауға қашан дайын болатынын күтпей булау аяқталған автоклавтан буды аккумуляторға шығаруға мүмкіндік береді. Мұны пайдалану ыңғайлы;

- жұмыс барысында автоклавтан ыстық конденсат шығарылады, ал қайта жіберуден кейін төмен қысымды бу шығарылады. Конденсат тазаланғаннан кейін толықтай немесе ішінара силикат қоспасын ылғалдандыруға, сондай-ақ зауытты жылытуға пайдаланылады. Төмен қысымды бу қазандықтағы қоректендіру суын жылыту үшін жұмсалады.

6.3 Бұйымдарды автоклавты өңдеуге жұмсалатын жылуды зауыт қажеттілігіне қайта пайдалану үшін төмендегілерді қарастыру қажет:

- шикізатты арасын ашып салу (ыдыстың бойымен тесіктердің пайда болуы). Бұл булау мерзімін бұйымдардың беріктілігін азайтпай қысқартуға мүмкіндік береді;

- 0,4 бастап 0,6 дейінгі аралықта толу коэффициентінің ескерілуімен автоклавтардың пайдаланылу тиімділігі;

- тиімді жылу оқшаулауды қолдану есебінен автоклавтардың жылу оқшаулау бетіндегі жұмыс температурасын 16 °С дейін (цехтағы ішкі температура) жеткізу;

- автоклавты өңдеу кезінде (0,4-0,6 атм) дейін вакуумдау қолдану.

6.4 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану үшін тығыз силикат бетон бұйымдарын жасағанда өнеркәсіп қалдықтарын (күл, қож және т. б.) кеңінен пайдалану қажет.

6.5 Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бұған қоса, тығыз силикат бетон конструкциялары мен бұйымдарын жасағанда шығарылатын қалдықтарды қайта пайдалану, тұйықталған сумен жабдықтауды ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етіледі.

**А қосымшасы**  
(міндетті)

**Тұтқырдағы әктастың гидратациялану дәрежесін бөлінетін жылу бойынша анықтау**

Тұтқырдағы әктастың бөлінетін жылу бойынша гидратациялану дәрежесі тұтқырдың әртүрлі құрамдары үшін бұған дейін белгіленген эталонды тәуелділік қисық сызығы бойынша анықталады:

$$\beta = f(\Delta t), \quad (\text{A.1})$$

мұнда  $\beta$  – тұтқырдағы әктастың гидратациялану дәрежесі, %;

$\Delta t$  – тұтқырдың ең жоғары гидратациялану температурасы мен тұтқыр суспензиясының бастапқыдағы температурасы арасындағы айырмашылық, °С.


Эталонды қисық сызық жасалу үшін белсенді СаО мөлшері 25 %, 30 % және 35 % бастап нақты бір кәсіпорынның әктасы мен құмы қолданылған үш құрамды әктас-кремнеземді тұтқырды пайдалану қажет. Әктастың гидратациялану дәрежесін анықтау үшін әрқайсысы 20 грамм тұтқыр мен судың өлшендісі алынып, Дьюар ыдысында суспензия дайындалады. Тұтқыр мен судың бастапқы температуралары 20 °С тең болуы тиіс. Ыдыс-сауыт нығыздалып 100°С термометр қойылған тығынмен жабылып, тыныш қалдырылады. Температура төмендей бастағаннан кейін есептеу тоқтатылып әктастың ең жоғары гидратациялану температурасы –  $t^{\circ}\text{C}_{\text{макс}}$  тіркеледі.

$$\Delta t = t^{\circ}\text{C}_{\text{макс}} - t^{\circ}\text{C}_{\text{нач}}$$
 есептеледі.

Қатарымен әктастың аналитикалық әдіс бойынша гидратациялану дәрежесі анықталады (Б қосымшасы).

Сараптамалық деректер бойынша зерттелетін әр құрам үшін бөлек әктастың гидратациялану дәрежесіне эталонды тәуелділік қисықтары  $\Delta t$  жасалады (А.1-сурет қараңыз).

Сипатталатын әдіс жоғары дәлдікпен ерекшеленбейді және тұтқырды дайындау барысында оның қасиеттерін бақылаған уақытта шұғыл-әдіс ретінде қолданылады. Илем кезінде тұтқырдағы белсенді СаО мөлшері мен  $\Delta t$  шамасы анықтай отырып белгіленген құрамдағы тұтқырды және әктастың гидратациялану дәрежесіне қол жеткізу үшін қажетті бағытта тұтқыр компоненттерінің (күм, әктас және су) мөлшерленуін өзгертеді.



1 – тұтқырдағы белсенді СаО – 25 %; 2 – тұтқырдағы белсенді СаО – 30 %;  
3 – тұтқырдағы белсенді СаО – 35 %

**А.1-сурет – Бөлінетін жылу ( $\Delta t$ , °C) мен тұтқырдағы әктастың гидратациялану дәрежесіне ( $\beta$ , %) байланысты эталонды тәуелділік қисық сызықтары**

**Б қосымшасы**  
(міндетті)**Тұтқыр аналитикалық әдісте әктас гидратациясының дәрежесін анықтау**

Алдын ала 30 мин бойы 120 °С кезінде термостатта кептірілген фарфор тигельді эксикаторда 20 мин салқындатады және аналитикалық таразыда ұзындығы 1 см бастап 4 см дейін жіңішке шыны таяқшамен бірге өлшейді.

Тұтқырдың 3 г өлшендісін тигельге салады және таяқшамен бірге аналитикалық таразыда өлшейді. Өлшенген сынамаға 3 мл тазартылған су құяды, тигельде қалатын таяқшамен араластырады, сынаманы 1 сағ. бойы 120 °С кезінде термостатта кептіреді, алғашқы 30 мин қақпағын жабады. Содан кейін сынамы эксикаторда 20 мин салқындатады және өлшейді. Толық кепкенін тексеру үшін сынаманы қосымша 30 мин кептіреді. Тұтқырдағы гидратация дәрежесі формула бойынша анықталады:

$$\beta = 100 - \frac{\Delta m \cdot 100 \cdot 100}{m \cdot A \cdot 0.32}, \quad (\text{Б.1})$$

мұнда  $\beta$  – тұтқырдағы белсенді СаО жалпы мөлшеріне қатысты гидратты әктастың, яғни Са(ОН)<sub>2</sub> түріндегі әктастың мөлшері, %;

$m$  – зерттелетін материалдың өлшендісі, г;

$\Delta m$  – кептірген кездегі материал салмағының өзгеруі, г;

$A$  – тұтқырдағы белсенді СаО мөлшері, %.

**В қосымшасы***(міндетті)***Әктас-белит-құм тұтқырдағы бос кальций тотығының мөлшерін анықтау**

Қолданылатын реактивтер мен ерітінділер:

- сахароза, 10 %-дық ерітінді,
- фенолфталеин, 1 %-дық спиртті ерітінді,
- тұз қышқылы, 1н. титрленген ерітінді,

Тұтқырдың шамамен 2 г өлшендісін сыйымдылығы 250 мл конус колбасына салады, 100 мл сахароза ерітіндісін қосады, тығынмен тығындап жауып, 15 мин жақсылап шайқайды.

Араластыруды жақсарту үшін колбаға алдын ала 3 бастап 5 дейін шыны моншақтарды немесе ұзындығы 5 бастап 7 мм дейін балқытылған таяқшаларды салады.

Колба ішіндегісін вакуум сорғыны қолданып Бюхнер воронкасында сүзеді. Колба қабырғасын және сүзгідегі қалдықты 10 % сахароза ерітіндісімен 4 рет (шаюға арналған сахароза ерітіндісінің шамамен алынған мөлшері – 100 мл) шаяды. Филтратқа 2-3 тамшы фенолфталеин қосып 1н тұз қышқылымен титрлейді. Титрлеуді қызғылт түс жоғалғанға дейін тамшылатып жүргізеді. Бос кальций тотығының мөлшерін пайызбен мына формула бойынша есептейді:

$$A = \frac{V \cdot T_{CaO} \cdot 100}{m}, \quad (B.1)$$

мұнда  $V$  – титрлеуге жұмсалған 1н тұз қышқылы ерітіндісінің көлемі, мл;

$T_{CaO}$  – СаО г көрсетілген 1н тұз қышқылы ерітіндісінің титрі;

$m$  – тұтқыр өлшендісінің салмағы, г.

**Г қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Тығыз силикат бетон құрамын есептеу**

Г.1 Бірінші тәсіл бойынша бетон қоспасын дайындау.

Бетон құрамын тағайындау үшін бастапқы деректер болып табылады: бетонның талап етілетін маркасы, қоспаның талап етілетін қолайлы төселуі, бастапқы материалдардың сипаттамасы, бу қысымы және изотермиялық ұстау ұзақтығы.

Силикат бетон құрамын таңдаудың сипатталған тәсілі негізіне бетон беріктігі мен тұтқырдың суға қатынасы арасындағы өзара байланыс қойылған.

$$R = f\left(\frac{B}{W}\right), \quad (\text{Г.1})$$

мұнда  $R$  –бетон беріктігі

$B$  – тұтқыр;

$W$  – су.

Алдымен бастапқы материалдардың қасиеттері анықталады. Егер олар осы ережелер жинағында берілген талаптарға сәйкес келсе бетон құрамын таңдау әртүрлі құрамды бетон қоспаларынан үлгі-текшелерді дайындаумен шектеледі.

Автоклавты өңдеудің таңдалған режимінде тұтқыр құрамы және оның компоненттерін ұсату жұқалығы ұсатылған қоспаның реакциялық қабілетін анықтайтындығын ескере отырып, цементтейтін зат шығыны төмен силикат бетонның ең ұтымды құрамын таңдау мақсатында бетон құрамында таңдаған кезде олардағы  $\text{CaO}:\text{SiO}_2$  қатынасымен ерекшеленетін тұтқыр құрамдары арасында түрленеді.

V10 бастап V40 дейінгі кластар бетондарының құрамын таңдау бойынша алғашқы тәжірибелерде белсенді СаО мөлшері ( $35\pm 3$ ) % дейін және ұсақталған құмның меншікті беті бойынша ұсату жұқалығы V10 бастап V15 дейінгі класс үшін 1000 бастап 1300 см<sup>2</sup>/г дейін, жоғары кластар үшін – 1500 бастап 2200 см<sup>2</sup>/г дейін тұтқырды қолдану қажет; тұтқырдағы әктас гидратациясының дәрежесі 60 % бастап 80 % дейінгі шекте.

Бетон құрамын таңдау тәжірибелерінде келесі шарттарды орындау қажет:

- қоспалардың қолайлы төселуін өндірісте қабылданған тығыздау құралдарын және қалыпталатын бұйымдардың түрін, оның конфигурациясын, арматуралау дәрежесін және т. б. ескере белгілеу;

- бетон қоспаларын тығыздауды кәсіпорында бұйым дайындау кезінде қолданылатын құралдармен жүргізу (мысалы, діріл алаңында дірілдің дәл сондай динамикалық параметрлерімен);

- қоспаларды тығыздауды бетонның максималды орташа тығыздығына (60 бастап 90 с дейін) жетуді ескерумен белгілеу;

- бетон беріктігін бақылаған кезде өндірісте қабылданатын дәл сондай өлшемдердегі үлгілерді қалыптау;

- үлгілерді гидротермиялық өңдеуді өндірісте қабылданған немесе жобада белгіленген режим бойынша жүргізу.

Белгілі бір телімдегі бетон беріктігі мен  $B/W$  арасындағы тәуелділік түзу түрінде болады, сондықтан оны тұрғызу үшін екі нүкте жеткілікті. Бірақ осындай тәуелділікті тұрғызу үшін бақылау мақсатында үш нүкте болуы қажет.

Осыған сәйкес тұтқыр негізінде үш құрамды бетон қоспаларынан үлгілерді дайындайды. Қоспалар қаттылығының тұрақты көрсеткіштері кезінде олар тұтқыр және оның құрамдастарының шығыны, сондай-ақ  $B/W$  мәндері бойынша ерекшеленетін болады.

Есептеу қолайлығы үшін тәжірибелерді жүргізген кезде бетонның әртүрлі беріктігін алу үшін бетон қоспасындағы белсенді СаО мөлшерінің әртүрлі мәндерін береді – мысалы, 4,0; 5,5 және 7,0 %;  $B/W$  шамасын тәжірибеде нақты анықталған тұтқыр және су шығын бойынша анықтайды.

1 илемдегі бетон қоспасындағы құрғақ компоненттерді есептеген кезде 1 бетон қоспасына тұтқыр және құм-толтырғыштың қосынды мөлшері (үлгілерді дайындау кезіндегі ықтимал шығындарды ескерумен) 2,4 кг құрайтындығын ескеру қажет. Онда жалпы көлемі  $V$  үш үлгі-егіздерді дайындау үшін талап етіледі:

$$B + П = 2,4 V, \quad (\Gamma.2)$$

мұнда  $V$  – үш үлгілердің көлемі, л;

$B$  – 1 илемге тұтқыр шығыны, кг;

$П$  – 1 илемге құм шығыны, кг.

Бетон қоспасының әр құрамы үшін 1 илемге тұтқыр шығыны мына формула бойынша анықталады:

$$B = \frac{A_b \cdot 2,4 \cdot V}{A_e}, \quad (\Gamma.3)$$

мұнда  $A_b$  – бетондағы белсенді СаО алынған мөлшері;

$A_e$  – қолданылатын тұтқырдағы белсенді СаО (бос СаО) мөлшері.

1 илемге құмы шығыны:

$$П = 2,4 - B, \quad (\Gamma.4)$$

Дірілмен нығыздалған бетон қоспасындағы судың бағдарлы мөлшері материалдардың қасиеттеріне және бетон қоспасының консистенциясына тәуелді құрғақ компоненттер салмағынан 8 % бастап 12 % дейінгі шекте өзгереді.

Үлгілерді дайындаған кезде 1 м<sup>3</sup> бетонға материалдардың шығынын есептеу үшін тығыздалған бетон қоспасының орташа тығыздығы анықталады. Бұл үшін қоспасыз қалыпты, содан кейін бетон қоспасымен нығыздалған сол қалыпты өлшеу қажет.

Нығыздалған бетон қоспасының орташа тығыздығын  $\rho_{б.см}$  келесі түрде анықтайды:

$$\rho_{б.см} = \frac{m_2 - m_1}{V}, \quad (\Gamma.5)$$

### ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

мұнда  $m_1$  – қоспасыз қалып салмағы, кг;

$m_2$  – бетон қоспасымен тығыздалған қалып салмағы, кг;

$V$  – қалып көлемі, л.

Материалдар шығыны, кг/м<sup>3</sup>:

Тұтқыр

$$\frac{B}{B + \Pi + W} \cdot \rho_{б.см} \cdot 1000, \quad (\Gamma.6)$$

құм-толтырғыш

$$\frac{\Pi}{B + \Pi + W} \cdot \rho_{б.см} \cdot 1000, \quad (\Gamma.7)$$

су

$$\frac{W}{B + \Pi + W} \cdot \rho_{б.см} \cdot 1000, \quad (\Gamma.8).$$

1 илемге тұтқыр, құм және су шығыны  $B$ ,  $\Pi$  және  $W$  шамалары.

Автоклавты өндеуді аяқтағаннан кейін бір тәуліктен соң үлгілер қалыптан алынады, қатайған бетонның орташа тығыздығы және оның сығылу кезіндегі беріктік шегі анықталады.

Маркаға қайта есептегендегі бетон беріктігі ( $R_b$ ), тұтқыр шығыны ( $B$ ) мәндері және тұтқыр-су қатынасы ( $B/W$ ) шамасы бойынша тәуелділіктер графиктері тұрғызылады:

$$R_b = f(B/W); B = f(B/W), \quad (\Gamma.9).$$

Координаталар басы арқылы өтпейтін түзу кесінділері түріндегі тұрғызылған графиктер негізінде талап етілетін маркадағы бетон үшін  $B/W$  және  $B$  шамаларын анықтайды және бетон қоспасындағы бос белсенді СаО мөлшерін есептейді.

Талап етілетін маркадағы бетон зерттелетін тұтқыр негізінде алынбаған жағдайда оның құрамын өзгерту (ондағы белсенді СаО мөлшерін азайту) немесе ондағы ұсатылған құмның шашыраңқылығын арттыру (Г.1-кестесінде көрсетілген шектерде) қажет.

Нақты мысал негізінде түсіндіреміз.

Қалыңдығы 16 см ішкі қабырғалардың панельдерді дайындау үшін қаттылық көрсеткіші 20 с, В22,5 (маркасы М300) класты силикат бетонды қолдану талап етіледі.

Тұтқырды дайындаған кезде ондағы кальций тотығының мөлшері 80 % әктас қолданылады.

Г.1-кесте – Бетонның құрамдары мен қасиеттері

Тұтқырдағы белсенді СаО мөлшері, %	Бетон қоспасындағы белсенді СаО мөлшері, %	Бетон қоспасының ылғалдылығы, %	В /W	Салмағы бойынша қоспа құрамы, кг			Салмағы, кг			Бетон-шикізаттың орташа тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	Бетон үлгілері						
				тұтқыр	құм	су	қалып тар	бетон салынған қалып тар	қалып көлеміндегі бетон		Салмағы, см			Салмағы, кг	Орташа тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	Сығылу беріктігі	
											a	b	c			Нақты	15 қыры бар текшеге қайта есептеген кезде
36,6	4,0	7,6	1,43	<u>0,79</u>	<u>6,41</u>	<u>0,55</u>	7,555	14,350	6,795	2265	10,1	10,0	10,1	2115	2070	37,8	34,0
				230	1873	162					10,0	10,0	10,0	2100	2100	39,2	
											10,0	10,0	10,0	2095	2095	35,2	
											Орт.	2090	2090	37,4			
36,6	5,5	8,0	1,88	<u>1,08</u>	<u>6,12</u>	<u>0,575</u>	10,300	17,100	6800	2265	9,9	10,0	10,0	2115	2140	51,3	43,8
				315	1782	168					10,0	10,0	10,0	2125	2125	46,8	
											10,0	10,0	10,0	2130	2130	47,0	
											Орт.	2130	2130	48,4			
36,6	7,0	8,4	2,27	<u>1,375</u>	<u>5,82</u>	<u>0,605</u>	7,960	14,870	6910	2300	10,0	10,0	10,0	2175	2130	56,2	
				402	1720	178					10,0	10,0	10,0	2150	2150	61,7	
											10,0	10,0	10,0	2140	2140	56,6	
											Орт.	2140	2140	58,2			

Тұтқыр компоненті ретінде қолданылатын құм қасиеттерінің негізгі көрсеткіштері:

- ұсақ құм,  $M_i - 1,11$ ;
- $SiO_2$  байланыссыз мөлшері – 94,8 %;
- органикалық қоспалар – эталоннан ашық;
- бөлініп алынатын тозаңтәрізді, сазды және тұнбалы қоспалар – 0,5 %.

Толтырғыш құм қасиеттері:

- $SiO_2$  байланыссыз мөлшері – 56,8 %;
- ірілік модулі  $M_i - 3,1$ ;
- бөлініп алынатын қоспалар мөлшері – 2,7 %.

Осылайша, құм тұтқыр компонентті, сондай-ақ толтырғыш ретінде нормативтік талаптарды қанағаттандырады.

Тұтқырды дайындау үшін және толтырғыш ретінде әртүрлі құмды қолдану егер өте ұсақ құм карьерлері болса, сондай-ақ  $SiO_2$  байланыссыз мөлшері жоғары болса, соңғысын үлкен ірілігі салдарынан ұсату орынсыз болып табылатынығына негізделген.

Бетон класына (В22,5) және шикізаттың қасиеттеріне (тұтқыр компоненті-құмдағы кварцтың жоғары мөлшері, гранулометриясы жақсы ірі құм-толтырғыш) қойылатын талаптарды ескере, тұтқыр құрамын жоғары шекке жақын белсенді СаО мөлшері бойынша – 38 %, ұсатылған құмның меншікті беті бойынша тұтқырды ұсату дәрежесін  $см^2/г$  тең деп алады.

Қарастырылған мысалда тұтқырдағы белсенді СаО нақты мөлшері 36,6 %, ал ұсатылған құмның меншікті беті –  $1500 см^2/г$  құрайды.

Зерттелетін материалдар (тұтқыр және құм) негізінде қаттылық көрсеткіші бірдей – 20 с белсенді СаО мөлшері 4 %; 5,5 % және 7 % бетон қоспалары дайындалады. Қоспаларды нығыздау минутына 2800 тербелістер жиілігі және 0,7 мм бастап 0,8 мм дейінгі амплитудасы кезінде жүргізілді. Өлшемі 10 см × 10 см × 10 см текше үлгілер жасалды. Автоклавтау 4 сағ. изотермиялық ұстаумен 1,0 МПа кезінде жүргізілді.

Бетон құрамын таңдау тәжірибелерінің нәтижелері Г.1-кестесінде және Г.1-суретте берілген, мұнда абсцисса осі бойынша ГОСТ 10180 сәйкес 0,91 коэффициентке көбейтілген бетон беріктігіне тең  $R_b$  шамасы салынған. Тәжірибелер  $B/W$  ең аз мәнінде белсенді СаО мөлшері – 4 % бетон құрамы үшін беріктігі  $340 кг/см^2$ , талап етілетін мәннен жоғары бетон алынғанын көрсетті.

Г.1-суреттің деректері бойынша В22,5 класының бетонын 1,28 тең  $B/W$  шамасы және  $1 м^3$  бетонға тұтқыр шығыны -  $200 кг/м^3$  кезінде алатындығын таптық, олардың ішінде әктас:


$$200 \times 36,6/80 = 92 кг/м^3 \text{ және } \text{ұсатылған құм: } 200 - 92 = 108 кг/м^3.$$

Бетонның текше метріне су шығыны  $200/1,23 = 156 л$  құрайды, ал құрғақ компоненттердің жалпы мөлшері:

$$\gamma_{шикі} - W = 2260 - 156 = 2104 кг \quad (Г.10).$$

Ұсынылған құрамдағы бетондағы әктастың мөлшері:

$$A_{a.cm} = \frac{200 \times 36,6}{2104} = 3,5 \%, \quad (\Gamma.11)$$



### Г.1-сурет - Бетон беріктігінің тұтқыр-су қатынасына (B/W) тәуелділігі

Ең төменгі жол берілген – 4 % аламыз.

Қарастырып отырған В22,5 класының бетоны сипаттамасы жоғарыда айтылған қолайлы шикізатты қолдану арқасында тұтқыр және бетон қоспасындағы әктас мөлшерінің аз шығыны кезінде алынды.

Бетонның таңдалған құрамы бір уақытта ірі бұйымдармен дайындалатын бақылау үлгілерін сынаумен тексеріледі және қажет болған жағдайда түзетіледі. Тұрақты қысымды бұйымды ұстаудың оңтайлы ұзақтығын анықтау қажет болған кезде бетон құрамын таңдау бойынша тәжірибелерді изотермиялық кезеңдер мерзімдері әртүрлі үлгілерді автоклавтаумен жүргізеді.

Бетон қоспасы құрамының бетон беріктігіне тәуелділігі көптеген жағдайларда шикізаттың қасиеттеріне, соның ішінде тұтқырдағы құм-толтырғыштағы және құм толтырғыштағы кварцтың мөлшеріне тәуелді. Кейбір жағдайларда бетон қоспасы құрамының жоғарыда қарастырылған мысалда келтірілген шекте өзгеруі бетонның беріктігіне іс жүзінде әсер етпеуі мүмкін. Мұндай жағдайда тұтқырдың минималды шығыны кезінде талап етілетін марканы алуды қамтамасыз ететін бетон құрамы таңдалады.

Г.2 Гидратты тәсіл бойынша бетон қоспасын дайындау.

1 м<sup>3</sup> бетон қоспасына материалдардың шығынын есептеу үшін бастапқы деректер болып табылады:

- бетон маркасы;
- бетонның орташа тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;
- бетон қоспасындағы белсенді СаО+MgO мөлшері ( $A_{cm}$ ), %;
- 1 м<sup>3</sup> бетон салмағы ( $M_6$ ), кг;
- жұқа ұсатылған кварц құмының мөлшері ( $II_m$ ), %;
- су-қатты қатынасының шамасы ( $B/T$ ).

белсенді СаО+MgO мөлшері ( $A_{cm}$ ), % бойынша әктас мөлшерін анықтайды.

### ҚР ЕЖ 5.03-103-2013

Белсенді СаО+МgО әктас қажеттігі, кг, мына формула бойынша анықталады:

$$I_a = \frac{M_{\bar{o}}}{100} \cdot A_{cm} \quad (\text{Г.12})$$

Жалпы әктас қажеттігі мына формула бойынша анықталады, кг:

$$I_{\bar{o}} = \frac{I_a}{A_{cm}} \cdot 100 = \frac{\rho_{\bar{o}} \cdot A_{cm}}{A_{cm}}, \quad (\text{Г.13})$$

Құрғақ ұсатылған құм қажеттігі мына формула бойынша анықталады, кг:

$$П_{cm} = \frac{\rho_{\bar{o}}}{100} \cdot П_m, \quad (\text{Г.14})$$

Әктас гидратациясына су шығыны мына формула бойынша есептеледі, л:

$$B_z = \frac{18}{56} \cdot I_a = 0,32 \cdot I_a, \quad (\text{Г.15})$$

Тұтқыр және бетон қоспасының құрамын Г.2-кестеде берілген деректерді басшылыққа алып, бетонның талап етілетін беріктігін ескерумен белгілейді.

#### Г.2-кесте - Силикат бетон класына қарай белсенді СаО және ұсатылған құм мөлшері

Бетон класы	Бетон қоспасындағы мөлшері, %, дейін	
	белсенді СаО	ұсатылған құм
B10	5 - 6	5 - 6
B15	6,5 - 7	6 - 8
B22,5	7 - 8	8 - 10

1 м<sup>3</sup> бетон дайындауға гидратталған тұтқыр шығыны мына формула бойынша есептеледі, кг:

$$P_{mym} = I_{\bar{o}} + П_m + B_z, \quad (\text{Г.16})$$

Құрғақ құм салмағы мына формула бойынша анықталады, кг:

$$П_{кар}^{сyx} = \rho - (P_{mym} + B_{mex}), \quad (\text{Г.17})$$

мұнда  $B_{mex}$  – бетондағы бос ылғал, мына формула бойынша анықталады, кг:

$$B_{mex} = \frac{\rho_{\bar{o}}}{100} \cdot W_{\bar{o}}, \quad (\text{Г.18})$$

мұнда  $W_{\bar{o}}$  – автоклавтағаннан кейін бір тәуліктен кейінгі қалдық ылғал, %.

Табиғи ылғалдылығы бар құм салмағы мына формула бойынша есептеледі, кг:

$$P_{кар} = \frac{P_{кар}^{сул} \cdot 100}{100 - W_n}, \quad (Г.19)$$

Есептеу деректері бойынша бетон қоспаларын дайындайды, ( $\pm 0,02$ ) ауытқумен қабылданған  $B/T$  және  $B/T$  мәндерінде зертханалық үлгілерді қалыптайды. Нығыздағаннан кейін шикі бетонның орташа тығыздығын анықтайды және автоклавты бетонның орташа тығыздығын есептейді.

Бетон қоспасын жеткіліксіз нығыздаған кезде қанағаттандырылғық тығыздықты бетон алғанға дейін  $B/T$  шамасын 0,01 арттырып, қайтадан қалыптайды. Автоклавтағаннан кейін бір тәуліктен соң сығылуға беріктігін сынайды. Бетон беріктігі жоба талаптарына сәйкес келген кезде бетон қоспасы өндіріске қабылданады. Бетон беріктігі төмен болған жағдайда бетон қоспасының құрамын әктас, ұсатылған құм және су мөлшерін өзгерте отырып түзетеді. Бірінші кезекте  $B/T$  шамасын өзгертеді, содан кейін ұсатылған құм мөлшерін және белсенді СаО+MgO мөлшерін, яғни тұтқыр шығынын арттырады.

*Бетон қоспасының құрамын есептеу мысалы*

Бетонның жобаланатын класы В15 (бетон маркасы М200).

Бетонның орташа тығыздығы  $\rho_b = 1950 \text{ кг/м}^3$ .

Әктастағы белсенді СаО+MgO мөлшері ( $A_{см}$ ) – 75 %.

$B/T$  бағдарлы шамасы 0,10 бастап 0,14 дейінгі шекте.

Бетон қоспасындағы белсенді СаО+MgO мөлшерін және ұсатылған құм мөлшерін Г.2-кесте бойынша бағдарлы түрде аламыз:  $A_{см} = 6,5 \%$ ,  $P_m = 6 \%$ .

Бетонның тең салмақты ылғалдылығы  $W_{мех} = 5 \%$ .

Белсенді СаО+MgO қажеттігін анықтаймыз:

$$I_a = \frac{\rho_b}{100} \cdot A_{см} = \frac{1950}{100} \cdot 6,5 = 127$$

Жалпы әктас шығынын анықтаймыз, кг:

$$I_b = \frac{I_a}{A_{см}} \cdot 100 = \frac{127}{75} \cdot 100$$

Құрғақ ұсатылған құм қажеттігін анықтаймыз, кг:

$$P_{см} = \frac{\rho_b}{100} \cdot P_m = \frac{1950}{100} \cdot 6$$

$W_n = 3 \%$  кезінде тұтқырды дайындауға шығындалатын карьер құмының шығынын анықтаймыз, кг:

$$P_{кар} = \frac{P_{см} \cdot 100}{100 - W_n} = \frac{117 \cdot 100}{97} = 121$$

1 м<sup>3</sup> бетон дайындауға тұтқыр шығыны, кг:

$$M_{тұт} = I_b + P_{кар} = 169 + 121 = 290$$

Тұтқыр гидратациясына судың жалпы шығыны, л:

$$B_2 = 0,32 \cdot I_a = 0,32 \cdot 127 = 41$$

Гидратация реакциясына қосымша су қажеттілігін, л:

$$B_{доп}^{зидр} = B_2 - (П_{кар}^{кар} - П_{см}) = 41 - (121 - 117) = 41 - 4 = 37$$

Әктас гидратациясы процесін аяқтағаннан кейінгі тұтқыр салмағы, кг:

$$B_{вяж}^{зидр} = M_{тұт} + B_{доп}^{зидр} = 290 + 37 = 327$$

Құрғақ құм-толтырғыш салмағы, кг:

$$П_{кар}^{сyx} = \rho_b - (B_{вяж}^{зидр} + I_a \cdot B_{мех}) = 1950 - (327 + \frac{1950}{100} \times 5) = 1950 - 424 = 1526$$

$W_n = 3\%$  кезіндегі карьер құмы-толтырғыштың салмағы, кг:

$$П_{кар}^{вл} = \frac{П_{кар}^{сyx} \cdot 100}{100 - W_n} = \frac{1526 \cdot 100}{100 - 3} = 1572$$

Карьер құмы-толтырғыштағы су салмағы, кг:

$$B_{кар} = П_{кар}^{вл} - П_{кар}^{сyx} = 1572 - 1526 = 46$$

0,10; 0,12; 0,14 тең  $B/T$  кезіндегі қалыптау суының жалпы қажеттігі, л:

$$B_{жлт} = P_{құр} B/T = (B_{зидр}^{тұт} + n_{геп}^{-1}) B/T = 1852 B/T;$$

$$B_{жлт.1} = 1852 \cdot 0,10 = 185;$$

$$B_{жлт.2} = 1852 \cdot 0,12 = 222;$$

$$B_{жлт.3} = 1852 \cdot 0,14 = 259.$$

1м<sup>3</sup> бетонға бетон қоспасы компоненттерінің шығыны:

- үлпілдек әктас – 169 кг;
- ұсатылған құм, құрғақ – 117 кг;
- белсенді СаО+МgО гидратациясына су – 41 л;
- құм-толтырғыш (құрғақ) – 1526 кг

$$(B/T) 0,10 \quad 153;$$

$$(B/T) 0,12 \quad 183;$$

$$(B/T) 0,14 \quad 214.$$

**Д қосымшасы**  
(міндетті)

**Құмдағы кварц (байланыспаған SiO<sub>2</sub>) мөлшерін анықтау**

Байланыспаған SiO<sub>2</sub> анықтау минерал жынысты 250 °С бастап 280 °С дейінгі температурада тығыздығы 1,78 бастап 1,80 г/см<sup>3</sup> дейін фосфор қышқылының шоғырланған ерітіндісімен өңдеуге негізделген. Бұл жағдайда жыныстың барлық минерал құраушылары еріген күйге өтеді, ал бос кремнезем фосфор қышқылының әсеріне ұшырамайды және тұнбада қалады. Тығыздығы төмен фосфор қышқылы тиісті түрде сазды материалдарға ыдырамайды.

Қажетті реактивтер: тығыздығы 1,78 бастап 1,80 г/см<sup>3</sup> дейін ортофосфор қышқылы; 5 % көмірқышқылды натрий ерітіндісі; 5 % тұз қышқылы ерітіндісі; 40 % фторсутек қышқылы ерітіндісі.

110 С кезінде алдын ала кептірілген 0,5 бастап 1,0 г дейінгі мөлшердегі өлшендіні сыйымдылығы 50 мл платина тостағанға салады және 500 °С бастап 600 °С дейінгі температурада бір сағат бойы муфель пешінде күйдіреді. Бөлме температурасына дейін салқындатқаннан кейін тостағанға 1,78 бастап 1,80 г/см<sup>3</sup> дейін ортофосфор қышқылын құяды, тостағанның ішіндегісін платина шпательмен араластырады, содан кейін термостат немесе муфель пешіне салады, платина шпательмен дүркін-дүркін араластырып (2-3 рет) 250 °С бастап 280 °С дейінгі температурада 30 мин бойы ұстайды.

Содан кейін тостағанға 30 мл тазартылған су құйып, тұнбаны сыйымдылығы 500 мл стақанға ауыстырады. Тұнбаны тостаған қабырғасынан тазартылған сумен жақсылап шаяды, көлемін 300 мл дейін жеткізіп, жақсылап араластырады және кремнеземнің ұсақ бөлшектерін тұндыру үшін 12 сағатқа қалдырады. Филтратты тұнбадан вакуум сорғы көмегімен Бюхнер құйғышында бөледі. Құйғышқа қос қабатты күлсіз сүзгіні: бұгулі және воронка қабырғасына тиетіндей түрде біреуі құйғыш диаметрі бойынша кішкентай, ал екіншісі бұгулі және құйғыш қабырғасына тиетіндей етіп үлкенірек салады.

Құйғыштағы тұнбаны 4 рет 5 % тұз қышқылы ерітіндісімен және 4 рет ыстық сумен шаяды, содан кейін сүзгімен бірге фарфор тостағанға салады. Тостағандағы тұнбаны 100 мл 5 % сода ерітіндісімен өңдейді. Содамен шаюды аяқтағаннан кейін тұнбаны 5 % сода ерітіндісімен бес рет және қайнап жатқан тазартылған сумен 8-10 рет өңдейді. Шайылған тұнбаны сүзгімен бірге өлшенген платина тигельге салады, төмен температурада күлге айналдырады және 1050 °С бастап 1100 °С дейінгі температурада тұрақты салмаққа дейін күйдіреді.

Алынған кремнеземнің тазалығын тексеру үшін күйдірілген тұнбаны 4-5 тамшы шоғырланған күкірт қышқылын қосып, 10 мл фторсутек қышқылымен өңдейді. SiO<sub>2</sub> фторсутек қышқылымен айдағаннан кейін тұнбада ұсталған қоспалардың мөлшерін анықтап, олардың салмағын тұнбаның салмағынан алады. Кварцтың (байланыспаған SiO<sub>2</sub>) мөлшерін мына формула бойынша анықтайды:

$$\text{SiO}_2 \text{ байланыссыз} = \frac{\alpha \cdot 100}{A}, \quad (\text{Д.1})$$

мұнда  $\alpha$  – күйдіргеннен кейінгі салмағы, г;  $A$  – өлшенген салмағы, г.

---

ӘОЖ 666.965.2

МСЖ 91.100.30

**Түйінді сөздер:** әктас, құм, қоспаның белсенділігі, арматура, автоклавтық өңдеу, тығыз силикат бетон, конструкциялар, бұйымдар

---

## СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	4
4 ПРИЕМЛЕМЫЕ РЕШЕНИЯ.....	5
4.1 Общие положения .....	5
4.2 Классификация плотного силикатного бетона .....	5
4.3 Технические характеристики плотного силикатного бетона .....	6
4.4 Материалы для плотного силикатного бетона .....	10
4.4.1 Вяжущие .....	10
4.4.2 Добавки .....	14
4.4.3 Заполнители.....	15
4.5 Арматурные изделия и закладные детали.....	15
4.6 Производство изделий и конструкций из плотного силикатного бетона .....	16
4.6.1 Приготовление вяжущих материалов .....	16
4.6.2 Приготовление силикатобетонной смеси .....	17
4.6.3 Формование изделий из плотного силикатного бетона .....	19
4.6.4 Автоклавная обработка .....	20
4.6.5 Контроль процесса производства и качества изделий и конструкций .....	22
5 ТРЕБОВАНИЯ ТЕХНИКИ БЕЗОПАСНОСТИ ПРОИЗВОДСТВА, ОХРАНА ТРУДА И ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ.....	24
6 ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ .....	25
ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ ПРИ ИЗГОТОВЛЕНИИ КОНСТРУКЦИЙ И ИЗДЕЛИЙ ИЗ ПЛОТНОГО СИЛИКАТНОГО БЕТОНА .....	25
Приложение А (обязательное) Определение степени гидратации извести в вяжущем по тепловыделению.....	27
Приложение Б (обязательное) Определение степени гидратации извести в вяжущем аналитическим методом .....	29
Приложение В (обязательное) Определение содержания свободного оксида кальция в известково-белито-песчаных вяжущих.....	30
Приложение Г (информационное) Расчет состава бетона .....	31
Приложение Д (обязательное) Определение содержания в песке кварца (несвязанной SiO <sub>2</sub> ) .....	40

## ВВЕДЕНИЕ

Свод правил рекомендует приемлемые решения по технологическим параметрам производства конструкций и изделий из плотного силикатного бетона, в результате выполнения которых будут реализованы базовые требования технического регламента «Требования к безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий», утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 17 ноября 2010 года № 1202.

Свод правил не является единственным способом выполнения требований технического регламента «Требования к безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий».

Разработанный свод правил будет способствовать оптимизации производства конструкций и изделий из плотного силикатного бетона и рациональной области его применения.

При разработке настоящего свода правил выполнен анализ научно-технической информации и учтены современные научные исследования и опыт применения.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ  
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

---

ИЗГОТОВЛЕНИЕ КОНСТРУКЦИЙ И ИЗДЕЛИЙ ИЗ ПЛОТНОГО  
СИЛИКАТНОГО БЕТОНА

DESIGN AND MANUFACTURE OF ARTICLES OF DENSE SILICATE  
CONCRETE

---

Дата введения – 2015-07-01

## 1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

1.1 Настоящий свод правил устанавливает приемлемые решения и распространяется на изготовление конструкций и изделий из плотного силикатного бетона для гражданского, промышленного и сельского строительства: панели внутренних стен и перекрытий, лестничные марши и площадки, балки, прогоны и колонны, карнизные плиты и т.д.

